



ОРНЫҚТЫЛЫҚ ТИІМДІЛІК ҚОҒАМ ҮШІН ҚҰНДЫЛЫҚ



1. Кіріспе



2. Басшылықтың үндеуі



3. Біздің бизнес



4. Экология



5. Әлеуметтік сала



6. Корпоративтік басқару

Осы шолу туралы

Бұл шолу алдыңғы жылдары жарияланған және GRI стандарттарын ескере отырып дайындалған егжей-тегжейлі орнықты даму (ОД) туралы есептердің қысқартылған нұсқасы болып табылады. Бұл деректерді басқару және есептілікті дайындау процестерін жетілдіруді қоса алғанда, орнықты даму саласындағы корпоративтік есеп беру жөніндегі Еуропалық директиваның (CSRD) талаптарына дайындықпен байланысты өтпелі кезеңді көрсетеді.

Шолу мазмұны маңыздылықты бағалау нәтижелерін ескере отырып әзірленді. Әдістеме мен процесс туралы мәліметтер ОД 2023 жылғы есебінде келтірілген.

Шолуда ERG қызметінің нәтижелері және 2024 жылғы ОД саласындағы көрсеткіштер ұсынылған. Шолу компанияның пайдалы қазбаларды өндіру және өңдеу, энергетика, жобалау және көлік қызметі саласындағы жұмыс бағыттарын қамтиды. Онда өндірістік және қаржылық көрсеткіштерді, сондай-ақ экология, әлеуметтік сала және корпоративтік басқару саласындағы нәтижелерді қоса алғанда, ERG қызметінің негізгі мәселелері, көрсеткіштерінің динамикасы және нәтижелері туралы жалпы мәліметтер берілген.

ERG өз бастамаларын іске асыру арқылы БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарына (ОДМ) қол жеткізуді қолдайды. Тиісті БҰҰ ОДМ осы шолудың әрбір тақырыптық тарауының басында көрсетілген.

2023 жылғы ОД туралы есепте, атап айтқанда басқару тәсілдеріне қатысты ұсынылған ақпарат өзекті болып қала береді. Басқа қосымша ақпарат келесі веб-сайттарда қолжетімді:

- Топ: eurasianresources.lu
- Қазақстан: erg.kz
- Африка: ergafrica.com
- Бразилия (BAMIN): bamin.com.br

Шолудың мазмұнын үшінші тараптар растаған жоқ, бірақ оның ішкі валидациясы жүргізілді.

Шолу ағылшын, қазақ, орыс, француз және қытай тілдерінде дайындалды. Сәйкессіздіктер анықталған жағдайда ағылшын тіліндегі нұсқасы басым болады.

Шолуға ескертпе

«ERG» немесе «Топ» дегеніміз - Eurasian Resources Group S.à r.l. және (немесе) оның еншілес компаниялары.

Шолуда осы құжаттың соңғы парағында ұсынылған болжамды мәлімдемелер бар.

Біз кері байланысты қуана қабыл аламыз. Қосымша ақпарат беру туралы түсініктемелер немесе сұрау салулар келесі мекенжайға жіберілуі тиіс: sdr@erg.net.

Шолуды пайдалану бойынша ұсыныстар

Интерактивтік навигация

< Артқа > Алға ≡ Мазмұны

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

Eurasian Resources Group (ERG) – 67 мыңға жуық персоналы бар халықаралық тау-кен металлургиялық компания болып табылады¹. Оның құрамына интеграцияланған геологиялық барлау, тау-кен, металлургия, өңдеу, энергетика, логистикалық және маркетингтік кәсіпорындар кіреді. Компанияның операциялық қызметінің негізгі өңірлері – Қазақстан, Африка және Бразилия. ERG – жаһандық энергетикалық ауысу үшін маңызды металдардың ірі өндірушісі.

ERG – жоғары көміртекті феррохромды (хром құрамы бойынша) толық интеграцияланған хром кенінің шикізатын шығаратын әлемдегі жетекші өндірушілердің бірі. Компания сонымен қатар Африкадағы маңызды мыс өндірушісі болып табылады және әлемдегі ең ірі кобальт өндірушілерінің бірі болып табылады. Сонымен қатар, ERG – Қазақстандағы бастапқы алюминийдің жалғыз өндірушісі, Орталық Азиядағы глиноземнің жалғыз жеткізушісі және өңірдегі темір кенінің ірі жеткізушісі.

ЖЫЛ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ШОЛУ

ҚАРЖЫЛЫҚ

\$1 867 млн

EBITDA базалық көрсеткіші
(2023 жыл: \$1 530 млн)

\$6 347 млн

Түсім
(2023 жыл: \$6 509 млн)

\$1 163 млн

Күрделі шығындар
(2023 жыл: \$1 440 млн)

ӨНДІРІСТІК

1 863,1 мың тонна

Феррохромды өндірісі
(2023 жыл: 1 634 мың тонна)

264,5 мың тонна

Алюминий өндірісі
(2023 жыл: 260,9 мың тонна)

139,2 мың тонна

Тауарлық металл мыс және мыс концентратын өндіру (2023 жыл: 163,3 мың тонна)

ОРНЫҚТЫ ДАМУ

1,12

Еңбекке жарамдылық күндерін жоғалтумен жарақат алу жиілігі (LTIFR)
(2023 жыл: 0,71)

29,7 млн тонна CO₂-бал.

Парниктік газ шығарындылары
(2023 жыл: 29,4 млн тонна CO₂-бал.)

\$6 506 млн

Бөлінген экономикалық құн (2023 жыл: \$7 283 млн)

¹ Мердігерлерді қоспағанда.

БІЗДІҢ КӨЗҚАРАСЫМЫЗ

Табиғи ресурстар саласындағы халықаралық, орнықты, әлеуметтік жауапты және тиімді компания.

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ

Өзіміз айналысатын істе үздік болу. Өз құндылықтарымызға адал бола отырып, әлеммен бірге даму. Жер мен адамзаттың әлеуетін ұқыпты аша отырып, бізге сенім артқандардың гүлденуін қамтамасыз ету.

БІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ



Қауіпсіздік



Бірлік



Тиімділік



Даму




Жауапкершілік

Энергия ауысуына жәрдемдесетін табиғи ресурстарды әзірлеу саласындағы әртараптандырылған компания

ТОПТЫҢ НЕГІЗГІ ӨНІМ ТҮРЛЕРІ


Ферроқорытпалар




Темір кені



Глинозем және
алюминий



Кобальт, мыс және
басқа түсті металдар



Энергетика



📍 Бразилия

Сальвадор

Амстердам

Люксембург

Астана

Бейжің

Дубай

📍 Қазақстан

Лубумбаши

Йоханнесбург

Маврикий

📍 Африка

● Өндірістік аймақтар
Қазақстан, КДР, Замбия¹,
Бразилия²

● Даму аймақтар
Мозамбик, ОАР, Зимбабве

● Корпоративтік кеңселер

1 Замбиядағы Chambishi Metals кәсіпорны қазіргі уақытта консервацияда.

2 Бразилиядағы BAMIN интеграцияланған жобасы 2025 жылдың басында консервация режиміне ауыстырылды.

Орнықты ұзақ мерзімді өсуге ұмтылу



33

Біздің бизнестің болашағы оның тиімділігіне, тұрақтылығына және ұзақ мерзімді перспективада тұрақты өсуді қамтамасыз ету қабілетіне байланысты болады. Біздің жаңа Стратегиямыз осы мақсаттарға жетудің өршіл жоспарын белгілейді.

Мен ERG Менеджерлер кеңесі төрағасы әрі бас атқарушы директоры ретінде осы Орнықты дамуға шолуды қуана ұсынамын. Мен бұл міндеттерді 2024 жылдың екінші жартысында Топта он жылдан астам жұмыс істегеннен кейін бастадым. Мен Бенедикт Соботкаға ERG-ді он жыл бойы бас атқарушы директор ретінде басқарғаны үшін және Топтың дамуы мен жетістігін қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін алғыс айтамын.

Біздің компания мықты корпоративтік мәдениет және жоғары білікті, талантты қызметкерлердің көрнекті командасына ие. Компанияның болашағы жігерлендіреді.

Александр Антонович Машкевичтің құрметіне

Біз үшін өте қайғылы оқиға – 2025 жылдың наурызында ERG негізін қалаушылардың бірі – Александр Антонович Машкевич қайтыс болды. Оның ERG-ді құрудағы, дамытудағы және басқарудағы рөлі, 2014 жылдан 2024 жылға дейінгі Менеджерлер кеңесінің төрағалық қызметі аса маңызды болып табылады. Александр Антонович жалпы тау-кен металлургия секторының дамуына айтарлықтай әсер етті. Сонымен қатар, оның тікелей басшылығымен көптеген әлеуметтік және білім беру жобалары жүзеге асырылды.

Біз Александр Антонович пен ERG-дің басқа да негізін қалаушылардың ұстанымдарына сүйене отырып, компанияны дамытып, болашақта жаңа жетістіктерге жететінімізге сенімдіміз.

ERG дамуының жаңа кезеңі

Тау-кен металлургия саласы өнеркәсіптік төңкерістің қозғалтқышына айналды. Жасыл экономикаға көшумен, маңызды металдарға деген қажеттіліктің өсуімен, жасанды интеллект технологияларын цифрландырумен және енгізумен сипатталатын жаңа дәуірдің басталуымен ERG-дің жауапты және сенімді металл өндіруші ретіндегі рөлі барған сайын маңызды бола бастады. Біз компанияның негізгі күшті жақтарын тиімді пайдалануға тырысамыз және ұзақ мерзімді перспективада тұрақты нәтижелерді қамтамасыз ете отырып, орнықты өсуге назар аударамыз.

Мен 2024 жылдың соңында жаңа үш жылдық ERG стратегиясы қабылданғанын қуана хабарлаймын (10 бет). Оны іске асыру біздің бизнесіміздің тиімділігін арттыруға және қаржылық тұрақтылықты нығайтуға мүмкіндік береді, сондай-ақ орнықты өсу үшін, Қазақстандағы негізгі активтердің қуатын дамыту және кеңейту және Африкадағы активтердің әлеуетін барынша ашу жолымен негіз қалайды. Қызметкерлерді дамытуға және өндірісті басқарудағы құзыреттерді арттыруға ерекше назар аударылатын болады. Біздің міндетіміз – кәсіпорындарымызды жаңа деңгейге көтеретін әлемдік деңгейдегі инженерлік және техникалық мамандар ұжымын сақтау және дамыту.

Стратегия біздің бәсекелі артықшылықтарымызды пайдалануға, орнықты өсуді қамтамасыз етуге және барлық стейкхолдерлер үшін құндылық жасауға бағытталған. Ұзақ мерзімді перспективада біздің мақсатымыз – қосылған құны жоғары өнімдерді дамыту және жаңа өнеркәсіптік кәсіпорындар құру арқылы салада көшбасшылық позицияны сақтау.

МЕНЕДЖЕРЛЕР КЕҢЕСІ ТӨРАФАСЫ ӘРІ БАС АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОРДЫҢ ҮНДЕУІ

Өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету

Өкінішке орай, 2024 жылы өндірістегі жазатайым оқиғалар салдарынан біздің 12 әріптестеріміз өмірден өтті – бұл олардың отбасылары, әріптестері және жалпы компания үшін үлкен қасірет. 2025 жылғы ақпанда топ үшін елеулі теріс фактор Қазақстандағы жаңа «Болашақ» шахтасында (12 бет) болған сутектің өздігінен тұтануы болды, онда инцидент нәтижесінде бір қызметкер өліммен аяқталған жарақат алды. Бүкіл Топтың атынан қаза тапқандардың туыстары мен жақындарына қайғыра көңіл айтамын. Бұл жағдайлар нағыз қауіпсіз жұмыс ортасына жету үшін одан да көп күш жұмсауымыз керек екенін еске салады. Біз бұл міндетті жүзеге асыруға ниеттіміз.

Біз 2025 жылды «Қауіпсіздік жылы» деп жарияладық – бұл терең және орнықты өзгерістерге қол жеткізуге бағытталған стратегиялық бастамамыз. Бұған қауіпсіздік мәдениетін жетілдіру, саясат пен рәсімдерді жаңарту, коммуникациялардың тиімділігін арттыру, сондай-ақ озық технологиялар мен жабдықтарды енгізу жөніндегі кешенді іс-шараларды іске асыру кіреді. 2025 жылдың ақпан айында біздің бейінді басшыларымыз Қазақстанда өткізілген қауіпсіздік Форумына қатысты, оның қорытындысы бойынша осы салада жаңа Жол картасы әзірленді. Топтың Қазақстандағы кәсіпорындарында «ERG Vision» автоматты бейнебақылау жүйесі енгізілуде, ол өндірістік қауіпсіздікті бақылауды едәуір күшейтеді және нақты уақыт режимінде мониторингті қамтамасыз етеді¹. Бұл бастамалар осы саладағы көрсеткіштерді жақсарту мақсатында біз жүзеге асыратын бірқатар басқа іс-шараларды толықтырады (21 бет).

Қызмет нәтижелеріне шолу

2024 және 2025 жылдары Топ күрделі сыртқы орта жағдайында жұмысын жалғастырды. Жағдайға геосаяси шиеленістер, болжамдардан асып түскен инфляция, сондай-ақ негізгі экономикалардағы пайыздық мөлшерлемелерге қатысты белгісіздік әсер етті. Қабылданған ынталандыру шаралары мен жоғары өсу қарқынына қарамастан, Қытайда баяу тұтынушылық белсенділік сақталды. Сонымен қатар, АҚШ-тағы сайлаудан кейінгі экономикалық белгісіздік (әсіресе тарифтік саясат бөлігінде), сондай-ақ Ресейге жаңа халықаралық санкциялар енгізу жаһандық нарықтарға әсер етті. Осы факторлардың барлығы ERG үшін тұрақсыз сыртқы жағдайда икемділік пен орнықтылықты сақтау қажеттілігін тағы да көрсетті.

Операциялық қызметтің нәтижелері

Қазақстан

Қазақстан – біз қызмет ететін негізгі өңір, мен 2024 жылы осы елдегі ERG кәсіпорындары өнімнің барлық негізгі түрлерінің өндірісін ұлғайтқанын атап өткім келеді.

Ферроқорытпалар өндірісінің 14%-ға 1 863 мың тоннаға дейін өсуі (2023 жыл: 1 634 мың тонна) аса маңызды болды, бұл Дөң ТКБК-да хром кенін өндіру көлемінің 16%-дан астамға ұлғаюына байланысты болды. Темір кені шекемтастары мен концентрат өндірісі 2024 жылы 3,6%-ға ұлғайып, 10 098 мың тоннаны құрады (2023 жыл: 9 744 мың тонна). Өндіріс процесін тұрақтандыру мен жетілдірудің арқасында глинозем өндірісі 8,5%-ға 1 530 мың тоннаға дейін өсті (2023 жыл: 1 410 мың тонна). ҚЭЗ кәсіпорнының максималды өндірістік қуатқа шығуы нәтижесінде алюминий өндірісі 1,4%-ға 265 мың тоннаға дейін ұлғайды (2023 жыл: 261 мың тонна).

Африка

Африкада жағдай күрделірек болды. Мыс өндірісі 1,4%-ға 101 мың тоннаға дейін төмендеді (2023 жыл: 103 мың тонна), ал кобальт гидроксиді өндірісі 5%-ға 19 мың тоннаға дейін қысқарды (2023 жыл: 20 мың тонна).

Metalkol кәсіпорнындағы мыс өндірісінің динамикасына желінің тұрақсыздығы және энергиямен жабдықтаудағы үзілістер, сондай-ақ өндіру көрсеткіштерінің төмендеуі теріс әсер етті. Кобальт өндірісінің төмендеуі шикізат сапасының төмендеуіне байланысты болды. Кәсіпорында белгіленген өндірістік көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында операциялық тиімділікті арттыру бойынша кешенді жұмыс жалғасуда. Сонымен қатар, энергиямен жабдықтау мен инфрақұрылымның сенімділігін арттыруға бағытталған іс-шаралар іске асырылуда. Frontier кәсіпорнындағы тауарлық мыс концентратын өндіру динамикасына «Контур-4» жобасын іске асыру шеңберінде өндіріс көлемін ұлғайтудағы кідірістер айтарлықтай әсер етті. Нәтижесінде концентрат өндірісі 37,4%-ға 38 мың тоннаға дейін қысқарды (2023 жыл: 61 мың тонна).

Бразилия

ERG жалғыз инвесторы бола отырып, Бразилияда BAMIN – елдің ең ірі тау-кен және инфрақұрылымдық жобаларының бірін дамытады. Күрделі жаһандық геосаяси және макроэкономикалық контекстті және тауар бағасының төмендеуін ескере отырып, біз BAMIN-ді дамытуға неғұрлым консервативті көзқарас туралы шешім қабылдадық. Осыған сәйкес біз оны одан әрі дамыту үшін қосымша инвесторларды тарту мүмкіндіктерін қарастыруды жалғастырамыз.

Қаржылық нәтижелер

Түсім және EBITDA

Түсімнің 2,5%-ға – 2023 жылғы 6 509 миллион доллардан 2024 жылы 6 347 миллион долларға дейін төмендеуіне қарамастан, 2024 жылы EBITDA базалық көрсеткіші 22%-ға 1 867 миллион АҚШ долларына дейін өсті (2023: 1 530 миллион АҚШ доллары). Түсімнің болмашы қысқаруы, ең алдымен, ферроқорытпа бағасының айтарлықтай төмендеуіне байланысты, ол ішінара Топтың басқа өнім түрлеріне бағаның өсуімен өтелді. Сонымен қатар, операциялық тиімділікті арттыру жөніндегі іс-шаралар өнімнің барлық түрлері, әсіресе ферроқорытпалар мен мыс бойынша шығындарды азайтуды қамтамасыз етті.

Шығын

Қазақстандағы ERG кәсіпорындары инфляциялық қысымға, сондай-ақ жалақыны индекстеуге және негізгі өндірістік активтерді қолдау мен дамытуға инвестицияларға қарамастан үлестік шығындарды төмендетуге қол жеткізді. Бұған қоса, Хром дивизионының кен орындарын мердігерлердің игеруінен өз күштерімен игеруге ауысуы, сондай-ақ ҚЭЗ кәсіпорнында күрделі жөндеуден кейін анод өндірісін іске қосуы ықпал етті.

Африкада Metalkol кәсіпорны реагенттерге, шығын материалдарына және электр энергиясына шығындарды қысқартты. Алайда, сонымен бірге Frontier кәсіпорнында мыс өндіруге кететін шығындардың өсуі байқалды, бұл өндіріс көлемінің қысқаруына және кен сапасының төмендеуіне байланысты болды.

1 «ERG Vision» жүйесі дербес деректерді қорғау саласындағы қолданыстағы нормативтік талаптарға толық сәйкес қолданылады.

МЕНЕДЖЕРЛЕР КЕҢЕСІ ТӨРАФАСЫ ӘРІ БАС АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОРДЫҢ ҮНДЕУІ

Күрделі шығыстар

Топтың күрделі шығыстары 1 163 миллион АҚШ долларын құрады (2023: 1 440 миллион АҚШ доллары). Олардың негізгі бөлігі болашақта орнықты өсу үшін базаны қалыптастыра отырып, қолданыстағы активтердің қызмет ету мерзімін жаңғыртуға және ұзартуға, сондай-ақ экологиялық көрсеткіштерді жақсарту және өндірістік қауіпсіздік деңгейін арттыру жөніндегі іс-шараларды іске асыруға бағытталды.

Қарыз жүктемесі

2024 жылы ERG жасаған несиелік келісімдер 524 миллион АҚШ долларын құрады. Сонымен бірге 647 млн АҚШ доллары сомасына берешек өтелді (2023 жыл: 201 млн АҚШ доллары). Нәтижесінде қарыздар мен несиелер бойынша берешекті өтеудің таза сомасы 123 млн АҚШ долларын құрады (2023 жыл: қарыздар мен несиелерден 65 млн АҚШ доллары мөлшерінде таза түсімдер).

Қаржылық орнықтылықты одан әрі нығайту мақсатында біз қаржыландыру көздерін әртараптандыру, оның ішінде баламалы көздерден қаржыландыруды тарту есебінен жұмысты жүзеге асырамыз. Осылайша, 2024 жылы Top 150 млн АҚШ доллары сомасына мыс жеткізуді экспортқа дейінгі қаржыландыру мәмілесі¹ үшін беделді халықаралық TXF Metals and Mining Deal of the Year 2024 сыйлығымен марапатталды. Қаржыландыру Metalkol кәсіпорны өндіретін мысты жеткізу келісімшартымен қамтамасыз етілді. 2025 жылы қаржыландыру сомасы 215 миллион АҚШ долларына дейін ұлғайтылды.

Сонымен қатар, 2024 жылы біз 150 миллион АҚШ доллары көлемінде алюминийді жеткізу үшін алдын-ала төленген қаржыландыруды² тарттық.

Осы жетістіктерді жалғай отырып, 2025 жылы біз алғаш рет жария борыштық құралы - «Қазақстан электролиз зауыты» АҚ-ның жалпы сомасы 100 млн АҚШ долларына дейінгі үш жылдық айналым мерзімі бар кепілді купондық облигацияларын шығардық. «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ қолдауымен кепілгер ретінде Moody's агенттігінен «Baa1» инвестициялық кредиттік рейтингін алды. Қазақстанда алғаш рет жергілікті заңнамамен реттелетін мемлекеттік емес облигациялар халықаралық инвестициялық рейтингке ие болды.

Бизнестің орнықты дамуы

Активтерді тиімді пайдалану және орнықты өсуге көшу

2024 жылы Қазақстанда Дөң ТКБК-да «Болашақ» шахтасы іске қосылды (12 бет). Бұл жобаға салынған инвестицияның жалпы көлемі 2 млрд АҚШ долларынан асады. Біздің бизнестің тік интеграциясымен бірге шахта Ақтөбе және Ақсу ферроқорытпа зауыттарына жоғары сапалы кенді жеткізудің арқасында ұзақ мерзімді перспективада Қазхромның тұрақты жұмысын қамтамасыз етеді деп күтілуде.

Сонымен қатар, 2024 жылы арнайы кокс зауытын сәтті іске қосу импорттық қалпына келтіргіштерге деген қажеттіліктің төмендеуіне байланысты операциялық шығындардың төмендеуін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Рудный қаласында ыстық брикеттелген темір зауытын салу туралы шешім қабылданды. Бұл жаңа жұмыс орындарын құруды қамтамасыз етеді және Топтың жоғары сапалы қара металлургия өнімдерін жеткізу мүмкіндіктерін кеңейтеді. Сонымен қатар, бұл болат өндіру тізбегіндегі парниктік газ шығарындыларын азайтады. ERG іске асыратын негізгі

жобалардың қатарына ERG Green жобасы шеңберінде өндірісті кеңейту, Хромтау жел электр станциясының (18 бет) бірінші кезегін пайдалануға беру және Павлодар қаласы мен Рудный қаласында алюминий және темір кенін қайта өңдеу активтерін жаңғырту кірді.

Бұған қоса, ERG 2026 жылдың екінші жартысында Қазақстан алюминийі алаңында галлий өндірісін жылына 15 тоннаға дейін ұлғайту перспективасымен бастауға дайындалып жатыр. Компания ЭЫДҰ елдеріндегі сұранысты қанағаттандыру үшін осы стратегиялық маңызды металды жеткізуді қамтамасыз етуге үлес қоса отырып, галлийдің жанандық нарығында маңызды орынға ие болуды жоспарлап отыр.

Сонымен қатар, ERG Exploration компаниясы бокситтер, хром және мыс кендері, полиметалдар және басқа металдар сияқты пайдалы қазбаларға басымдықпен назар аудара отырып, Қазақстандағы ERG минералдық-шикізат базасын кеңейтуге бағытталған жұмысты жалғастыруда.

Африкада біздің жұмысымыздың басты бағыты негізгі өндірістік кәсіпорындардың қызметін оңтайландыру және оларды дамыту болып табылады. Атап айтқанда, Metalkol кәсіпорнында жоспарланған өндіріс көлеміне шығу үшін тиімділікті арттыру бойынша іс-шаралар іске асырылды. Frontier кәсіпорнында «Контур-4» жобасы аясында карьерді кеңейту жұмыстары аяқталды, ал 2024 жылдың маусымында кен өндіру басталды. Бұл жобаны іске асыру Frontier кен орнын игеру мерзімін одан әрі ұзартуға мүмкіндік береді.

Тиімділікті арттыру бойынша жұмыс

Біз кәсіпорындарымыздың тиімділігін барынша арттыруға тырысамыз. Атап айтқанда, Қазақстанда операциялық тиімділікті арттыру бағдарламасы іске асырылуда. Сонымен қатар, барлық негізгі кәсіпорындарда тиімді өндірістік мәдениетті қалыптастыруға (соның ішінде үнемді өндіріс қағидаттарын қолдану арқылы) және өнімнің бүкіл өмірлік циклі бойында тиімділікті арттыру мүмкіндіктерін анықтауға арналған ERG Way Plus өндірістік жүйесі енгізілуде. Бұл саладағы жұмыстың негізгі бағыттарына жабдықтың өнімділігін арттыру, шығындарды орнықты азайту, бөлімшелер арасындағы тиімді өзара әрекеттесуді жеңілдету және жүйелік өзгерістерді басқару кіреді.

Африкадағы Metalkol кәсіпорнында активтің бәсекеге қабілеттілігін қолдауға және ұзақ мерзімді перспективада біздің бизнесіміздің орнықтылығын қамтамасыз етуге бағытталған шығындарды оңтайландыру бағдарламасын іске асыру басталды.

1 Bank of China Limited (Лондон филиалы) және Glencore International AG компаниясымен келісім.

2 Trafigura Pte Ltd-мен келісім.

МЕНЕДЖЕРЛЕР КЕҢЕСІ ТӨРАФАСЫ ӘРІ БАС АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОРДЫҢ ҮНДЕУІ



Технологияны қолдану

Технология біздің бизнесімізді болашаққа дайындауда маңызды рөл атқарады. Қазақстанда бұл әсіресе тау-кен жұмыстарын жүргізу тәсілдерін өзгертетін «Ақылды карьер» бастамасы аясында айқын көрінеді. 2024 жылы «Восточный» кенішінде автономды самосвалдар алғашқы миллион тонна кенді тасымалдап, біздің кәсіпорындарымыздың болашағы қандай болатынын және өнімділіктің қандай деңгейіне қол жеткізуге болатынын көрсетті.

Сондай-ақ, біздің өндірістік қызметімізді цифрлық трансформациялау бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Атап айтқанда, Қазақстандағы кәсіпорындарда өндірістің негізгі кезеңдерін оңтайландыруға мүмкіндік беретін өндірістік процестерді басқару жүйесі (MES) кезең-кезеңімен енгізілуде. Бұған қоса, технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйелерінің (ТП АБЖ) деректер қоймасы басқарудың, ашықтықтың және аналитикалық дәлдіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ете отырып, аймақтағы барлық кәсіпорындарымыздың деректерін жинақтайды және өңдейді.

Орнықты даму көрсеткіштері

Табысты болашақ үшін халықаралық ұжымды нығайту

Болашақ біздің қызметкерлерден басталады. Біздің жоғары білікті және талантты қызметкерлерден тұратын халықаралық ұжым біздің табысымыздың кепілі болып табылады. Біз өз қызметкерлерімізге ERG-дің ұзақ мерзімді дамуына ықпал ету үшін мейлінше көп мүмкіндіктер беруге тырысамыз. Бұған әлеуметтік жеңілдіктер беру және ең жақсы мамандарды тартуға және сақтауға мүмкіндік беретін еңбек жағдайларын қамтамасыз ету кіреді.

Қазақстанда персоналды басқару саласындағы біздің стратегиямыз персоналды трансформациялауға бағытталған, ал ERG корпоративтік университеті арқылы біз озық оқыту мен кәсіби дамудың ауқымды бағдарламаларын іске асырамыз. Біз сондай-ақ «ERG Mektepke» және «ERG колледждерге» (22 бет) бағдарламалары арқылы Қазақстанда дағдыларды дамыту бойынша стратегиялық сыртқы бастамаларды қолдайтынымызды мақтан тұтамыз. Осылайша, біз кадр резервін

орнықты қалыптастыруды қамтамасыз етеміз, болашаққа бағдарланған жұмыс орындарын құрамыз, сондай-ақ 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялаған Қазақстан Республикасы Мемлекет басшысының бастамасын іске асыруға үлес қосамыз.

ҚДР-да біздің қызметкерлеріміздің таланттары мен кәсіби дағдыларын дамыту саласындағы бастамаларды күшейту бойынша жұмыс жалғастырылды, осылайша біздің болашақ табысымызға негіз қаланды.

Төмен көміртекті экономикаға көшуге ықпал ету

Біз 2050 жылға қарай Қазақстанда ERG көміртегі бейтараптығына қол жеткізу, сондай-ақ біздің өнімдеріміздің негізгі түрлерінің (феррохром, алюминий және темір кені шекемтастары) көміртегі ізін 2035 жылға қарай 30%-ға қысқарту жөніндегі жұмысты жалғастырамыз. Қазіргі уақытта бұл елдегі біздің кәсіпорындар негізінен көмір электр энергиясын пайдаланса да, біз шығарындыларды біртіндеп азайту қажеттілігін түсінеміз. Біздің кәсіпорындарымыздың инфрақұрылымының ерекшеліктерін, сондай-ақ елдегі электр энергиясына сұранысты ескере отырып, біздің алдымызда күрделі міндет тұр. Дегенмен, біз осы мақсаттарға жету үшін жұмыс істеп жатырмыз. 2024 жылдың басты оқиғаларының бірі 24 турбинадан алғашқы екі турбинаны пайдалануға бергеннен кейін Қазақстандағы Хромтау жел электр станциясында электр энергиясын өндірудің басталуы болды. 2025 жылдың тамызында қалған турбиналар іске қосылды. Жел электр станциясының жалпы жобалық қуаты 150 МВт құрайды. Сондай-ақ, елімізде жаңа жел энергетикасы жобаларын іске асыру мүмкіндігі қарастырылуда.

Бұдан бөлек, 2025 жылдың басында біз баламалы көздерден энергиямен қамтамасыз ету мақсатында Ақтөбе ферроқорытпа зауытында жаңа кәдеге жарату электр станциясын салуға ЕПС-келісімшартқа қол қойдық.

Сонымен қатар, жаңартылатын энергия көздері мен табиғи газды пайдаланудан бастап зауыттарды жаңғыртуға, өндірістерді электрлендіруге және энергия тиімділігін арттыруға дейінгі климаттық мақсатымызға жету үшін басқа да бастамаларды пысықтау жалғасуда.

Біздің көптеген өнімдеріміз, соның ішінде кобальт, мыс, алюминий және ферроқорытпалар жаһандық энергияның ауысуына ықпал ететінін және өндіріс тізбектері сенімділігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ететінін атап өткен жөн.

Қоршаған ортаға әсерді жауапты басқару

Біз өз қызметіміздің қоршаған ортаға тигізетін басқа да әсерлерін жауапкершілікпен басқаруды қамтамасыз етуге ұмтыламыз. Атап айтқанда, Қазақстанда 2030 жылға қарай ERG металлургиялық және энергетикалық кәсіпорындарының атмосфералық ауаға қатты бөлшектер шығарындыларын 56%-ға қысқартуға бағытталған құны 500 млн АҚШ долларынан асатын экологиялық стратегия іске асырылуда.

ERG-дің қайта өңдеу және қалдықтарды басқару жөніндегі бастамалары айналмалы қағидаттар біздің бизнес-модельіміздің негізі болып табылатынын көрсетеді. Атап айтқанда, Қазақстанда ERG Green жобасы аясында Дөң ТКБК-де хром оксидін алуды қамтамасыз ететін инновациялық технологияларды қолдана отырып, шламды қалдықтарды қайта өңдеу жүзеге асырылуда. Қазіргі уақытта жоба шеңберінде өндірісті кеңейту бойынша жұмыстар жүргізілуде. ҚДР-дағы Metalkol кәсіпорны мыс пен кобальт гидроксидін ала отырып, бөгде кәсіпорындардың қызметі нәтижесінде пайда болған қордаланған қалдықтарды қайта өңдеуді жалғастыруда. Кәсіпорынның қызметі қордаланған қалдықтардың қоршаған ортаға теріс әсерін азайтуды қамтамасыз етеді.

МЕНЕДЖЕРЛЕР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫ ӘРІ БАС АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОРДЫҢ ҮНДЕУІ

Стейкхолдерлердің кең ауқымына құндылық жасау

2024 жылы қызметкерлерге, жеткізушілерге, қаржылық серіктестерге, ERG кәсіпорындары қызмет ететін елдердің үкіметтерге және жергілікті қауымдастықтарға бөлінген экономикалық құн 6 506 миллион АҚШ долларын құрады (2023: 7 283 миллион АҚШ доллары). Дегенмен, біздің оң әсеріміздің шынайы ауқымы әлдеқайда кең. Ол мыңдаған жұмыс орындарын құруды, жеткізілім тізбегі арқылы экономикалық белсенділікті ынталандыруды, сондай-ақ біздің өнімдеріміздің жауапты өндірісіне байланысты елеулі жанама экономикалық пайданы қамтиды.

2024 жылы Top кәсіпорындары қызмет ететін елдердегі әлеуметтік инвестицияларының көлемі 107 млн АҚШ долларын құрады (2023 жыл: 52 млн АҚШ доллары). Қазақстанның бірқатар өңірлерінде су тасқынынан зардап шеккендерге көмек көрсету үшін ең алдымен 58 млн АҚШ доллары көлемінде қаржылық қолдау көрсетумен байланысты. Қаражат негізінен 780-ден астам жаңа үй салуға, сондай-ақ 300-ден астам жаңа пәтер сатып алуға және зардап шеккен отбасылар үшін тұрғын үйді жөндеуге жұмсалды. Сонымен қатар, біз еріктілерді жібердік және зардап шеккен аймақтардағы табиғи апаттардың салдарын жоюға көмектесетін арнайы техниканы бөлдік.

Қазақстанда біздің әлеуметтік жобаларымызды іске асырудың негізгі бағыты жергілікті қоғамдастықтарды дамытудың басым міндеттерін, сондай-ақ Үкімет айқындаған ұлттық даму міндеттерін шешуге жәрдемдесу болып қала береді. Бұдан басқа, біз ұзақ мерзімді перспективада қатысатын өңірлеріміздің экономикасын әртараптандыруға бағытталған бастамаларды іске асыруды жалғастырамыз. Бұған аймақтық университеттер мен колледждерді кәсіпкерлікті дамыту орталықтарына айналдыруға ықпал ететін «Студенттік кәсіпкерліктің экожүйесі»¹ бағдарламасын қолдау кіреді. 2024 жылы бағдарламаны қамту сегіз ЖОО-ға дейін кеңейтілді, ал білім беру және практикалық іс-шараларға 2 мыңнан астам студент қатысты; үздік жобалар қаржыландырылды.

Африкада ERG әлеуметтік инвестициялары, ең алдымен, азық-түлік қауіпсіздігі мен таза суға қолжетімділікті, білім беру мен денсаулық сақтауды және инфрақұрылымды дамытуды қоса алғанда, жергілікті қауымдастықтардың ең өзекті мәселелерін шешуге бағытталған. Біздің түпкі мақсатымыз - орнықты және тәуелсіз экономикалық экожүйелерді құру.

Мемлекеттік органдармен сындарлы және ашық өзара іс-қимыл жасау

Біз мемлекеттік органдармен белсенді әріптестік орнатып, орнықты экономикалық өсімге үлес қосып келеміз. Бұл – өндіріс сатыларын дамыту, жергілікті қамтуды арттыру, сапалы жұмыс орындарын ашу, өндірістегі қауіпсіздік стандарттарын жоғарылату, сондай-ақ экологиялық мақсаттарға (2060 жылға қарай көміртек бейтараптығына қол жеткізуді қоса алғанда) ұмтылу арқылы жүзеге асуда.

ҚДР-ға ұзақ мерзімді инвестор бола отырып, біз әріптестік қатынастарды нығайту, өзара тиімді нәтижелерге қол жеткізу және жергілікті және ұлттық дамуға жәрдемдесу мақсатында елдің Үкіметімен ашық және сындарлы өзара іс-қимылға міндеттіміз.

Кобальттің жетекші өндірушілерінің бірі ретінде біз 2025 жылдың басында Үкімет енгізген кобальт экспортын уақытша тоқтатқаннан кейін елдегі өнеркәсіп үшін оңтайлы және тұрақты шешімді іздеуге бағытталған ҚДР билігімен талқылауға қатысамыз.

Кепілдіктерді қамтамасыз ету және орнықты даму саласында озық тәжірибелерді енгізу

Біз өз клиенттеріміз бен түпкі тұтынушыларымыздың өнімдеріміздің шығу тегінің сенімділігі мен ашықтығына толық сенімін қамтамасыз етуге тырысамыз. Сондықтан біз шикізат өндіруден бастап қайта өңдеуге және сатуға дейінгі барлық кезеңдерде жауапкершілікке деген сөзсіз міндеттемемізді растайтын қатаң ішкі және сыртқы бақылау және кепілдік бағдарламаларын енгіздік.

ҚДР-дағы Metalkol кәсіпорны өнімнің қадағалануы мен сенімділігінің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, 2024 жылы Metalkol қызметінің «Таза кобальт және мыс» бағдарламасының қағидаттарына сәйкестігі туралы төртінші есеп жарияланды, сондай-ақ RMI² минералды ресурстарының жауапты шығуын қамтамасыз ету процесінің шеңберінде үшінші аудит жүргізілді. Metalkol сонымен қатар Corper Mark сертификатын алу бойынша жұмысты бастаған әлемдегі алғашқы қалдықты қайта өңдеу кәсіпорны болды.

Қазақстанда біздің «Алюминийдің жауапты өндірісі» бағдарламасы өндірістік-өткізу тізбегі бойынша серіктестерге заңнама талаптарынан асатын кепілдіктер береді және Лондон металдар биржасының (LME) өнім берушілерді таңдауға жауапты тәсілінің талаптарын сақтауды қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, біз Еуропалық одақтың Орнықты даму корпоративтік есеп беру директивасының (CSRD) талаптарын орындауға белсенді дайындық жүргізіп жатырмыз. Болашақ талаптарға сәйкестікті қамтамасыз ету үшін біздің дайындығымыздың ағымдағы деңгейін бағалау және одан әрі жақсарту бағыттарын анықтау мақсатында тәуелсіз сыртқы сарапшылар тартылды.

Әрі қарайғы перспективалар

Біз болашаққа нық сеніммен қарай аламыз. Күтілетін қиындықтарға қарамастан, біздің алдымызда тұрған мүмкіндіктер олардан айтарлықтай асып түсетініне сенімдімін. Біз болашақ ұрпақ үшін ұзақ мерзімді құндылықты қалыптастыруға қабілетті тұрақты, икемді және болашаққа бағдарланған компанияның позициясын нығайтуға ниеттіміз.

Әлем сөзсіз өзгеруде және біз осы өзгерістердің алдыңғы қатарында болуға тырысамыз. Біз өз миссиямызға және орнықты болашаққа деген ұмтылысымызға сәйкес инвестиция саламыз, инновация жасаймыз және жаңа мүмкіндіктерді қолданамыз.

Шухрат Ибрагимов

Менеджерлер кеңесінің төрағасы
әрі бас атқарушы директор

1 ecosystemerg.kz.

2 Жауапты пайдалы қазбаларды жеткізушілерді таңдау бастамасы.

Бизнестің орнықтылығын сақтау және қоғам үшін құндылық құру

Біздің жаңа үш жылдық бизнес-стратегиямыз жаңғырту, инновация мен жауапкершіліктің үйлесімі Топ үшін өсудің жаңа мүмкіндіктерін ашатын табысты және орнықты бизнесті қалыптастыруға бағытталған. Болашақ өсу үшін берік платформаны қалыптастыру мақсатында тиімділікті арттыруға және қаржылық орнықтылықты нығайтуға бағытталған Стратегияны іске асырудың сәттілігі ERG-ді саланың көшбасшысы етудің ортақ мақсаты ретінде біріктірілген әр түрлі, талантты қызметкерлеріміздің ұжымдық үлесіне байланысты.


Орнықты бизнес сонымен қатар жергілікті, ұлттық және жаһандық деңгейде қоғам үшін құндылық жасауға мүмкіндік береді. Ең елеулі үлес – бұл біздің тікелей экономикалық құндылықты – еңбекақы мен жеңілдіктерді төлеу, жеткізушілерге төлемдер, айтарлықтай салықтық аударымдар және қоғамдастықтардың дамуына әлеуметтік инвестициялар құруымыз. Өз кезегінде, бұл біздің құндылықтар тізбегімізде тікелей емес және жанама экономикалық әсерді қалыптастыруға ықпал етеді (14 бет).

Сонымен қатар, тиісті жауапкершілікпен өндірілген кобальт, мыс, алюминий және ферроқорытпаларды жеткізу арқылы біз жаһандық экономикалық қызмет пен энергияның ауысуын қолдаймыз. Бұл біздің өнімдеріміздің өндірістік-өткізу тізбегін бақылаудың сенімді тетіктерімен қамтамасыз етіледі.

Стратегиямызды іске асыра отырып, біз әлемдік стандарттарға сәйкестікті қамтамасыз ете отырып және нарықтағы позициямызды нығайта отырып, біздің қызметкерлердің қауіпсіздігіне және қоршаған ортаға әсерді азайтуға басымдық беруді жалғастырамыз.


ЖАҢА СТРАТЕГИЯМЫЗДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Қаржылық орнықтылықты арттыру



Борыштық жүктемені жеделдетіп қысқарту және ресурстарды ERG өндірістік қуатын дамытуға қайта бөлу. Біздің мақсатымыз - берешек деңгейін айтарлықтай төмендету және капиталды көп қажет ететін жаңа жобаларды іске қосу үшін жағдай жасау.

Өндірісті ұлғайту және тиімділікті арттыру



Қолданыстағы активтердің қуатының максималды жүктемесін қамтамасыз ету және шығындарды азайту бізге тиімділікті арттыруға және нарықтық ауытқулардың әсерін азайтуға мүмкіндік береді.

Негізгі өндірістік активтерге басымдық беру



Қазақстанда және басқа елдерде ERG негізгі өндірістік активтерін басым дамыту, біздің қызмет ететін негізгі өңірлеріміздің әл-ауқаты үшін қолайлы жағдайлар жасау. Бұл ұзақ мерзімді перспективада орнықты өсу үшін берік негіз болады.

Корпоративтік басқаруды жетілдіру



Жауапкершілікті нақты ажыратуды, ақылға қонымды өкілеттіктерді беруді және уақытылы шешім қабылдауды қамтитын басқару моделін трансформациялау. Бұл икемділікті сақтауға, негізгі серіктестермен сенім мен қарым-қатынасты нығайтуға мүмкіндік береді. Персоналды сақтауға және дамытуға, қызметкерлердің біліктілігін арттыруға және олардың кәсіби өсуіне ықпал етуге ерекше назар аударылады.

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР

Сәйкес келетін БҰҰ ОДМ



БІЗДІҢ БИЗНЕС

Біз акционерлеріміздің және стейкхолдерлеріміздің кең ауқымының мүддесі үшін ұзақ мерзімді перспективада орнықты құндылық құруды қамтамасыз етуге тырысамыз. Біздің жаңа Стратегиямыздың контекстінде бұл қаржылық орнықтылық пен операциялық тиімділікті, негізгі өндірістік активтерге инвестицияларды және жалпы бизнесті тиімді басқаруды қамтамасыз етуді білдіреді. Бұл болашақта біздің қызметімізді жалғастыруға мүмкіндік беріп қана қоймай, ұзақ мерзімді өсудің негізін қалады.

Басқару тәсілі

Қазақстандағы негізгі активтерді дамыту және ҚДР-дағы активтердің тиімділігін арттыру біздің басымдығымыз болып табылады (12 бет).

Осымен қатар, ERG Exploration компаниясы Қазақстандағы Топтың минералдық-шикізат базасын кеңейту бойынша жұмыс жүргізуде. Бұған CRIRSCO және JORC стандарттарын ескере отырып әзірленген KAZRC стандарттарына сәйкес пайдалы қазбалар кен орындарын, соның ішінде бокситтерді, сирек жер металдарын, хром және мыс кендерін іздеу және бағалау кіреді.

ERG Capital Projects компаниясы Қазақстандағы күрделі жобаларды әдіснамалық сүйемелдеу мен ұйымдастырушылық басқаруға, сондай-ақ неғұрлым стратегиялық маңызды жобаларды іске асыруға жауапты. Осы аймақтағы барлық ұсынылған күрделі жобаларды командалар жобаларды тәуелсіз талдау бойынша бағалайды. Африкада мұндай талдау үшінші тарап сарапшыларының қатысуымен жүзеге асырылады. 2024 жылы күрделі шығындар 1 163 миллион АҚШ долларын құрады (2023: 1 440 миллион АҚШ доллары).

Қазақстанда операциялық тиімділік жөніндегі біздің команда тиімділік пен өнімділікті арттыру жөніндегі шараларды жүйелі түрде анықтайды және енгізеді. Ол үшін үдемді өндіріс қағидаттары қолданылады, функционалдық өзара іс-қимыл жүзеге асырылады және біздің қызметкерлеріміздің ұсыныстары ескеріледі. Топтың ғылыми-зерттеу инженеринг орталығы қолданыстағы тау-кен металлургиялық процестерге қолданылатын технологиялық жетілдірулерді әзірлейді, сондай-ақ біздің қызметіміздің әртүрлі бағыттарына енгізу үшін инновациялық технологияларды жасайды.

Құндылықты бөлу тұрғысынан ERG негізгі стейкхолдерлері қызметкерлер, жеткізушілер және мердігерлер, жергілікті қауымдастықтар (және жалпы кәсіпорындарымыз орналасқан аймақтары), кәсіпорындарымыз орналасқан елдердің үкіметтері және акционерлер мен несие берушілер болып табылады.

Біздің өнімдер және оның энергетикалық ауысуға қосқан үлесі

ERG жаһандық энергоауысуын қолдау және өтпелі металдарға сұраныстан пайда алу үшін орнықты позицияны ұстанады. Бұған алюминий (инфрақұрылым, көлік және құрылыс үшін), мыс (инфрақұрылым, көлік және электроника үшін) және кобальт (литий-ионды батареялар үшін), сондай-ақ ферроқорытпалар (төмен көміртекті энергетикалық инфрақұрылымды дамыту үшін) жауапты өндірісі кіреді¹.

Осы өнімдердің өндірушілері бола отырып, сондай-ақ өндірістік және сату тізбектері сенімділігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ете отырып, біз жаһандық декарбонизация күш-жігерінің күтпеген экологиялық және әлеуметтік салдарға әкелмеуіне ықпал етеміз. Біздің бастамаларымыздың мысалдары мыналарды қамтиды:

- ERG компаниясының Лондон металл биржасының (LME) жеткізушілерді таңдауға жауапты тәсілінің талаптарын сақтау жөніндегі «Алюминийдің жауапты өндірісі» бағдарламасы (27 бет);
- ҚДР-дағы «Таза кобальт және мыс» бағдарламасы Metalkol кәсіпорнының оның қағидаттарына сәйкестігін тәуелсіз растауды қамтиды. Сондай-ақ, кәсіпорын пайдалы қазбаларды жауапты жеткізушілерді таңдау бастамасының (RMI) минералды ресурстардың жауапты шығуын қамтамасыз ету процесінің (RMAP) бөлігі ретінде аудиттен өтеді. Сонымен қатар, Copper Mark сертификатын алу жұмыстары басталды (27 бет).

АКТИВТЕРДІ ДАМУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АКТИВТЕРДІ ДАМУ

2024 жылы Дөң ТКБК «Болашақ»² хром кенін өндіру бойынша флагмандық шахтасы іске қосылды. Бұл шахта Қазақстандағы ең ірі инвестициялық жобалардың бірі болып табылады (толығырақ – төменде).

Сондай-ақ, басқа да негізгі жобалар бойынша жұмыстар жалғастырылды, олар туралы ақпарат әрі қарай ұсынылды.

- Қашар карьері:** темір кенді карьерді қайта құру жалғасуда, атап айтқанда, өнімділігі жоғары автосамосвалдар мен экскаваторлардың төртінші партиясы пайдалануға берілді.
- Ыстық брикеттелген темір өндіру зауыты (ЫБТ):** күтілетін жобалық қуаты жылына 2 млн тонна ЫБТ болатын Рудный қаласында жаңа зауыттың құрылысы бекітілді. Кәсіпорында 1 мың жаңа жұмыс орны құрылады.
- Рудный қ. қайта өңдеу активтері:** кейіннен ЫБТ өндірісінде пайдалану үшін жоғары сапалы темір кені концентраты мен шекемтастар шығаруды қамтамасыз ету мақсатында қайта өңдеу қуаттарын жаңғырту жөніндегі іс-шаралар жалғастырылды.
- Павлодар алюминий зауыты:** каустификация, араластыру, қоюлау, жуу және кальцийлеу процестерін қоса алғанда, зауытты жаңғырту жұмыстары жалғасуда.

(жалғасы келесі бетте)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДӨҢ ТКБК «БОЛАШАҚ» ШАХТАСЫ

2024 жылдың соңында Дөң ТКБК-да (Қазхром) Қазақстанда «Болашақ» хром кенін өндіретін шахтасы іске қосылды. «Болашақ» әлемдегі ең терең қара металдар өндіретін шахтаның бірі болып табылады; оның тереңдігі 1,2 мың метрді құрайды. Өндіру қабат аралық опырылу технологияларын және механикаландырылған блоктық құлау жүйесін пайдалана отырып жүзеге асырылатын болады. Сонымен қатар, шахтада бұрғылау бағдарламасын автоматты орындау режимі және жер бетінен қашықтан басқару мүмкіндігі бар жаңа жоғары өнімді интеллектуалды бұрғылау қондырғылары қолданылады. Сондай-ақ, машинистің қатысуын талап етпейтін автоматтандырылған көтеру машинасы енгізілді.

Шахта жобалық қуатқа шыққаннан кейін жылдық өндіру көлемі орналасқан жерін айқындау 7,5 млн тоннаға дейін кенді құрайды деп күтілуде. Бұл ұзақ мерзімді перспективада Топтың ферроқорытпа зауыттары үшін жоғары сапалы шикізатты тұрақты жеткізуді қамтамасыз етеді және ERG-ге Қазақстандағы негізгі экспорттаушылардың бірі мәртебесін сақтауға мүмкіндік береді. Бұл жобаға салынған инвестицияның жалпы көлемі 2 млрд АҚШ долларынан асады. Кәсіпорында 1,8 мыңға жуық жұмыс орны құрылатын болады.

Наурызда, сондай-ақ 2025 жылдың мамыр-шілде айлары аралығында шахтада өндіру және құрылыс-монтаждау жұмыстары қайталанатын сутектің өздігінен тұтануына байланысты уақытша тоқтатылды. Негізгі себептерді жою және осындай оқиғалардың қайталануын болдырмау үшін компания

жетекші отандық және халықаралық ғылыми-зерттеу институттарын тартты. Газ-ауа қоспасын қауіпсіз және бақылап бұру үшін ұңғымаларды бұрғылауды, шахтаның желдету жүйесінің жұмысын оңтайландыруды және үздіксіз жақсартуды, сондай-ақ шахта диспетчеріне ақпарат бере отырып, газ ортасын үздіксіз бақылау жүйесін енгізуді қоса алғанда, бірінші кезектегі іс-шаралар кешені іске асырылды. Бұдан басқа, жерасты тау-кен қазбаларында персонал мен көлікті орналастыру жүйесі енгізілді. Ғылыми-зерттеу институттарымен жұмыс жалғасуда.

2025 жылдың тамызында шахтадағы жұмыс мемлекеттік қадағалау органдарының қажетті рұқсаттарын алғаннан кейін қайта басталды.

1 Оның ішінде газ, жел және атом энергетикасы үшін.

2 Бұған дейін – «Қазақстан Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» шахтасының екінші кезегі.

АКТИВТЕРДІ ДАМУ ЖӘНЕ ҚОЛДАУ (ЖАЛҒАСЫ)

- **Арнайы кокс өндіру зауыты:** Қазхромның балқыту бөлімшелерінде пайдалануға және бөгде сатып алушыларға сатуға арналған экономикалық тиімді қалпына келтіргіштер шығаратын жаңа зауыттың құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді.
- **ERG Green:** ERG Green жобасы аясында Дөң ТКБК шламды қалдықтарды қайта өңдеу бойынша флотациялық байытудың жаңа секциясының құрылысы басталды (19 бет).
- **Хромтау жел электр станциясы:** жалпы жобалық қуаты 150 МВт құрайтын Дөң ТКБК ауданындағы жел электр станциясындағы 24 жел турбинасының алғашқы екі жел турбинасы пайдалануға берілді (18 бет). 2025 жылдың тамызында қалған турбиналар іске қосылды.

ҚДР АКТИВТЕРІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

Африкада Metalkol кәсіпорнының тиімділігін арттыруға, оның ішінде баламалы реагенттерді пайдалану, сондай-ақ шығындарды оңтайландыруға баса назар аударылды. Сонымен қатар, «Контур-4» жобасы аясында кен өндіру басталды, бұл ҚДР-да Frontier кен орнын игеру мерзімін тағы 10 жылға ұзартуға мүмкіндік береді. Біз сондай-ақ жерасты тау-кен жұмыстарына (Frontier Deeps жобасы) көшу арқылы кен орнын игеру мерзімін одан әрі ұзарту мүмкіндіктерін зерттеуді жалғастырдық.

ӨНДІРІСКЕ ЖИ ЕНГІЗУ: МАШИНАЛЫҚ КӨРҮДІҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ЖҮЙЕСІ

2024 жылы Дөң ТКБК-да машиналық көрудің интеллектуалды жүйесі енгізілді. Жасанды интеллект (ЖИ) технологияларына сүйене отырып, конвейер таспасының қызып кетуін олар пайда болғанға дейін болжауға мүмкіндік береді, бұл операторлардың уақытылы жауап беруін қамтамасыз етеді. Жүйе сонымен қатар таспаның зақымдануын ерте кезеңдерде анықтайды, бұл жоспарланған тоқтаулар шеңберінде ықтимал ақауларды алдын ала жоюға мүмкіндік береді.

Жүйе қызып кетуден туындаған тоқтап қалудың ұзақтығын 75%-ға қысқартуға мүмкіндік берді, бұл ретте жүйені енгізудің барлық кезеңінде анықталған ақаулардың 80% операторлар растады. Осы бастаманың табысты іске асырылуын ескере отырып, біз өндірістік қызметті одан әрі оңтайландыру үшін ЖИ қолдану әлеуетін зерттеуді жалғастыруды жоспарлап отырмыз.

ТЕХНОЛОГИЯЛАР, ТИІМДІЛІК ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ

«АҚЫЛДЫ КАРЬЕР»

2024 жылы өндірістік автокөліктің тиімділігін арттыруға бағытталған Қазақстандағы «Ақылды карьер» бағдарламасын іске асыру жалғасты. Осы мақсатта мамандандырылған басқару жүйелері, заманауи бағдарламалық жасақтама және 4G жергілікті желілері қолданылады.

2024 жылы негізгі бағыттарға мыналар кірді:

- ССКӨБ және Қашар кені карьерлерінде көмекші көлікті тиімді басқаруға мүмкіндік беретін көлікті диспетчерлеу жүйесін енгізу;
- Қашар карьерінің экскаваторларын жоғары дәлдікпен орналастырудың автоматтандырылған жүйесімен жабдықтау, сондай-ақ техниканың қозғалысы мен бағытын нақты уақытта бақылауға мүмкіндік беретін цифрлық сыңарын¹ әзірлеу;
- Тәжірибелік-өнеркәсіптік режимде² үш пилотсыз автосамосвалды іске қосу.

ТИІМДІЛІК ЖӘНЕ ОҢТАЙЛАНДЫРУ

Қазақстанда операциялық тиімділікті арттыру жөніндегі жұмыстың негізгі бағыттары кәсіпорындардағы нәтижелілікті басқаруға, АқСФЗ-да өндіріс тиімділігін арттыруға, сондай-ақ «Восточный» кенішіндегі тау-кен жұмыстарының өнімділігін арттыруға бағытталды. Бұған қоса, өндірісті басқару жүйесін (MES) басқа кәсіпорындарға тарату және ERG Way Plus өндірістік жүйесін дамыту бойынша жұмыс жалғасты. Сонымен қатар, Toyota Engineering Corporation компаниясы ҚЭЗ кәсіпорнында және Ақсу феррокорытпа зауытында үнемді өндіріс қағидаттарын қолдану аудитін жүргізді.

Африкада Metalkol кәсіпорнында алдағы үш жылға шығындарды қысқартуды қамтамасыз етуге арналған шығындарды оңтайландыру бағдарламасын іске асыру басталды.

1 Яғни, нақты уақыт режимінде техника мен жабдықтың қозғалысын, жұмыс тиімділігін және күйін бақылауға мүмкіндік беретін сандық 3D модельдері.
2 Пилоттық іске қосу қорытындысы бойынша «Восточный» кенішінде және Қашар карьерінде пилотсыз автосамосвалдарды қолдануды кеңейту туралы шешім қабылданды.

ҚҰНДЫЛЫҚТЫ БӨЛУ

\$6 506 млн

Жеткізушілерге, қызметкерлерге, акционерлерге және кредиторларға, Топтың қызмет ететін елдердің үкіметтеріне және жергілікті қауымдастықтарға бөлінген экономикалық құн (2023: 7 283 миллион АҚШ доллары)¹. Біз қызмет ететін елдеріміз үшін құндылық құрып, әлеуметтік дамуға, соның ішінде салық төлемдері (26 бет) және жергілікті өндірушілерді қолдау арқылы үлес қосқанымызды мақтан тұтамыз.

60%

Қазақстанда жергілікті жеткізушілерден² сатып алынған тауарлар мен қызметтердің (ТҚ) үлесі (2023 жыл: 48%). Біз ERG қызмет ететін моноқалалардағы жергілікті өндірушілерге қолдау көрсетуді жалғастырамыз. 2024 жылы олардан ТҚ сатып алу үлесі Қазақстандағы жалпы сатып алу көлемінің 21,5% құрады (2023: 19%)³.

Африкада біз ТҚ 85% осы аймақтың елдерінде тіркелген компаниялардан сатып алдық (2023 жыл: 86%). Біз сондай-ақ КДР-дағы компаниялармен ынтымақтасамыз және оларға халықаралық стандарттарға сәйкестікке қол жеткізуге және кәсіпорындарымызға қызмет көрсету үшін қажетті құзыреттерді дамытуға, сондай-ақ КДР жеке секторындағы қосалқы мердігерлік қызметті реттеу басқармасының (ARSP) сертификаттау өлшемшарттарына сәйкестікті қамтамасыз етуге жәрдемдесеміз.

Бразилияда 100% сатып алу осы елде тіркелген компаниялардан жүзеге асырылды (2023 жыл: 100%), оның ішінде сатып алудың 20% Баия штатында орналасқан компаниялардан жүзеге асырылды (2023 жыл: 39%).

Жоспарлар

2025 жылы және одан әрі келесі негізгі бағыттар бойынша жұмыс жоспарлануда:

- Қазақстанда және КДР-да ERG негізгі активтерін одан әрі дамыту, сондай-ақ жел өндіру қуатын одан әрі кеңейту (19 бет);
- Қазақстанда галлий өндірісін бастауға дайындық;
- Қазақстанда ферроқорытпа газымен жаңа кәдеге жарату электр станциясын салу;

- Бразилияда BAMIN жобасын одан әрі дамыту мүмкіндіктерін зерттеу, соның ішінде ықтимал жаңа инвесторларды және (немесе) сатып алушыларды іздеу;
- Қазақстанда «Ақылды карьер» бағдарламасын қамтуды кеңейту және одан әрі дамыту;
- Қазақстанда және КДР-да жергілікті жеткізушілер мен өндірушілерді дамыту, сондай-ақ олармен ынтымақтастықты кеңейту бойынша одан әрі жұмыс.



1 Төмендеу, ең алдымен, шығындарды оңтайландыру бойынша бірқатар бастамаларды іске асыруға байланысты операциялық және күрделі шығындардың қысқаруына байланысты. Бұл төмендеу көктемгі су тасқынының салдарын жою мақсатында Қазақстандағы еңбекақыны индексстеу және әлеуметтік инвестициялар көлемінің ұлғаюымен ішінара өтелді.

2 Топтық сатып алуларды қоспағанда. Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді қоса алғанда.

3 Топтық сатып алуларды қоса алғанда. Есепке мынадай моноқалалар енгізілді: Ақсу, Екібастұз, Арқалық, Лисаковск, Рудный және Хромтау.

ӨНДІРІСТІК ЖӘНЕ НАРЫҚТЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ДИНАМИКАСЫ

Дивизион	2024 жылғы түсім ¹	Өнімнің негізгі түрлері	2024 жылғы өндіріс көлемі ²	Негізгі тенденциялар	
Ферро-қорытпалар	2 136 млн АҚШ доллары ▼ 8,3%	Ферроқорытпалар	1 863,1 мың тонна (брутто) ▲ 14,0%	- Өндірістің өсуі, ең алдымен, Дөң ТКБК-дан хром кенін жеткізудің ұлғаюына байланысты болды. 2022 жылғы рекордтық көрсеткіштермен және 2023 жылғы жоғары деңгеймен салыстырғанда бағаның төмендеуінің жалпы тенденциясы байқалды.	
		Тауарлық темір кені концентрат және шекемтастар	10 097,5 мың тонна ▲ 3,6%		
Темір кені	1 070 млн АҚШ доллары ▼ 1,9%	Глинозем	1 530 мың тонна ▲ 8,5%	- Бағалар 2024 жыл басында төмендеді, бірақ содан кейін теңгерімді теңіз тасымалы нарығының арқасында тұрақтанды. - Глинозем өндірісінің ұлғаюына өндіріс процесін тұрақтандыру және жетілдіру ықпал етті. - Алюминий өндірісінің өсуі кәсіпорынның максималды өндірістік қуатқа шығуына байланысты болды. - Лондон металдар биржасындағы (LME) алюминийдің орташа жылдық бағасы 2024 жылы 8%-ға өсті, бұған бірінші кезекте глинозем ұсынысының төмендеуі ықпал етті.	
Глинозем және алюминий	1 133 млн АҚШ доллары ▲ 5,3%	Алюминий	264,5 мың тонна ▲ 1,4%		

1 Жылдық өрнектегі өзгеріс.
2 Жылдық өрнектегі өзгеріс.
3 FOB Австралия базисінде.

ӨНДІРІСТІК ЖӘНЕ НАРЫҚТЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ДИНАМИКАСЫ

Дивизион	2024 жылғы түсім ¹	Өнімнің негізгі түрлері	2024 жылғы өндіріс көлемі ²	Негізгі тенденциялар
Кобальт, мыс және басқа түсті металдар	1 502 млн АҚШ доллары ▼ 1,6%	Тауарлық және металл мысы	101,2 мың тонна ▼ 1,4%	- Metalkol кәсіпорнында металл мыс өндірісінің қысқаруы энергиямен жабдықтаудағы үзілістерге және экстракция көрсеткіштерінің төмендеуіне байланысты болды. Кобальт өндірісінің қысқаруы шикізат сапасының төмендеуіне байланысты болды. Біз өндірістік процестерін жетілдіру және энергиямен жабдықтау сенімділігін арттыру бойынша жұмыс жүргіземіз. - Frontier кәсіпорнында мыс концентраты өндірісінің айтарлықтай қысқаруы, ең алдымен, «Контур-4» жобасы шеңберінде өндірісті ұлғайтудағы кідірістермен, сондай-ақ кеннің есепті кезеңде күтілгеннен төмен сапасымен байланысты болды. - Кобальт металының бағасы 2024 жылы төмендей берді және бір фунт үшін орташа есеппен 11,26 АҚШ долларын құрады, бұл бір жыл бұрынғыдан 25%-ға төмен. - Электромобильдер секторының сұранысы өсе бергенімен, бұл өсім ЕО мен АҚШ-тағы субсидиялардың қысқаруы нәтижесінде оның қарқыны баяулады.
		Тауарлық мыс концентраты	38 мың тонна ▼ 37,4%	
		Кобальттің тауарлық гидроксиді	19 мың тонна ▼ 5,0%	
Энергетика	386 млн АҚШ доллары ▲ 4,9%	Көмір	32 528,6 мың тонна ▲ 0,4%	- Энергетикалық көмір өндіру көлемі салыстырмалы түрде тұрақты болды, ал жаңа арнайы кокс зауытын пайдалануға беру нәтижесінде жартылай кокс өндірісі айтарлықтай өсті. - Электр энергиясын өндірудің шамалы төмендеуі Ақсу және Ақтөбе электр станцияларында жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты болды.
		Электр энергиясы	17 395,9 ГВт*сағ ▼ 1,6%	
				- Кобальттің әлемдік нарықтағы ұсынысы күшті динамиканы көрсетуді жалғастырды. Бұған мыс бағасының жоғары деңгейі ықпал етті. - Мыс бағасы өсуді қайта бастады және жылдық мәнде 8%-ға өсті. Олардың орташа мәні тоннасына 9 147 долларды құрады. - Нарық сұраныстың ұзақ мерзімді перспективаларына (соның ішінде таза энергетикаға көшу мен электрлендіруге байланысты) қатысты оптимистік көңіл-күймен қолдау тапты. - Макроэкономикалық белгісіздік Қытай экономикасын қалпына келтіру перспективалары мен әртүрлі елдердің пайыздық мөлшерлеме саясаты туралы алаңдаушылық жағдайында сақталғанымен, ұсынысты шектейтін факторлар айтарлықтай әсер етті.
				- Әлемдік нарықтағы энергетикалық көмір бағасы төмендей берді, бірақ коронавирустық пандемияға қарағанда жоғары деңгейде қалды, дегенмен әр түрлі аймақтар арасында баға айырмашылығы байқалды. - Еуропадағы импорттық энергетикалық көмірдің орташа бағасы³ 2017-2019 жылдардағы орташа мәннен шамамен 40%-ға артық болды.

1 Жылдық өрнектегі өзгеріс.
2 Жылдық өрнектегі өзгеріс.
3 API2 индексі.

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР

Сәйкес келетін БҰҰ ОДМ



Біз өз қызметіміздің экологиялық әсерін белсенді және жауапкершілікпен басқарамыз, осылайша стейкхолдерлердің мүдделерін сақтауды және бизнесіміздің ұзақ мерзімді орнықтылығын қамтамасыз етеміз. Бұл тәсіл қызметті жүргізуге арналған «әлеуметтік лицензияны» сақтауға, өнімнің бәсекеге қабілеттілігін сақтауға, ресурстарды ұтымды пайдалануға және қатаңдатылған көміртекті реттеуге сәтті бейімделуге ықпал етеді.

Басқару тәсілі

Біздің Қазақстандағы негізгі кәсіпорындарымыз ISO 14001 стандарты бойынша сертификатталған және 2050 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізуді көздейтін декарбонизация стратегиясының басты бағыты болып табылады. Африкадағы кәсіпорындардағы еңбекті қорғауды, өнеркәсіп қауіпсіздігін және орнықты дамуды (SHS) басқару жүйесі де ISO 14001 стандартының талаптарын ескере отырып әзірленген; Metalkol кәсіпорнында осы стандарт бойынша сертификаттау 2025 жылға жоспарланған. Бразилияда BAMIN жобасы аясында қолданыстағы экологиялық лицензиялардың талаптарын толық орындауды қамтамасыз ететін экологиялық менеджмент жүйесі енгізілді. Сонымен қатар, Қазақстандағы энергия өндіруші негізгі активтер ISO 50001 энергетикалық менеджмент жүйесінің стандартына сәйкес сертификатталған.

Экология саласындағы негізгі бағыттарға мыналар жатады:

- Қазақстанда өңірлердегі атмосфералық ауаның сапасына әсер етуді жауапты басқару, сондай-ақ он жылдық экологиялық стратегияны іске асыру шеңберінде халықаралық экологиялық стандарттарды енгізу¹;
- Парниктік газ шығарындыларының негізгі үлесін құрайтын Қазақстандағы кәсіпорындар үшін декарбонизация жөніндегі стратегияны іске асыру;
- Қазақстанда және КДР-да қалдықтарды қайта өңдеуді қоса алғанда, тұйық цикл экономикасының қағидаттарына сәйкес келетін мүмкіндіктерді іздеу және іске асыру.

Бұдан бөлек, 2024 жылы Қазақстандағы ERG кәсіпорындарында құрамында полихлорланған бифенилдер бар жабдықты пайдаланудан шығару бойынша жұмыс толық аяқталды.

¹ Стратегияны жүзеге асыру 2018 жылы басталды.

ЭКОЛОГИЯ

АУА МЕН СУҒА ӘСЕРДІ БАСҚАРУ

\$500 млн¹

Металлургиялық және энергетикалық өндірісті Еуропалық одақта атмосфералық ауадағы қатты бөлшектерді ұстау саласында қабылданған стандарттарға сәйкес келтіруге бағытталған Қазақстандағы 10 жылдық Экологиялық стратегияның құны.

56%

Қазақстанда атмосфералық ауаға қатты бөлшектер шығарындыларының 2030 жылға дейін күтілетін қысқаруы. 2024 жылы Павлодар алюминий зауыты, Ақсу ферроқорытпа зауыты, ЕЭК және «Восточный» көмір кенішін қоса алғанда, ERG кәсіпорындарында жоғары тиімді сүзгілерді орнату жұмыстары жалғастырылды. Бұдан бөлек, Павлодар алюминий зауытында, Ақсу және Ақтөбе ферроқорытпа зауыттарында, сондай-ақ ЕЭК, 3-Энергоорталық, Дөң ТКБК және ҚЭЗ кәсіпорындарында шығарынды көздерінде мониторингтің автоматтандырылған жүйелері пайдалануға берілді.

ЭНЕРГИЯ ЖӘНЕ КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ

2050 жылға қарай КӨМІРТЕКТІ БЕЙТАРАПТЫҚ

Қазақстандағы декарбонизация стратегиясы шеңберіндегі міндеттеме² (*erg.kz* (Климаттың өзгеруі) қараңыз). Осы мақсатта жаңартылатын энергетика, табиғи газды пайдалану, өндірістерді жаңғырту және электрлендіру, энергия тиімділігін арттыру және электр энергиясын өндіру үшін ферроқорытпалар өндірісі кезінде түзілетін технологиялық газдарды кәдеге жарату саласындағы бастамалар іске асырылуда. 2025 жылдың басында осы мақсатта Ақтөбе ферроқорытпа зауытында

жаңа кәдеге жарату электр станциясын салуға ЕРС-келісімшарт жасалды.

-440 тыс. тонн

Дөң ТКБК ауданында қуаты 150 МВт Хромтау жел электр станциясын пайдалануға беру аяқталғаннан кейін алдын алатын парниктік газ шығарындыларының жылдық көлемі. 2024 жылы әрқайсысының қуаты 6,25 МВт болатын 24 жел турбинасының екеуі пайдалануға берілді. 2025 жылдың тамызында қалған турбиналар іске қосылды.

ЭНЕРГИЯНЫ ТҰТЫНУ ЖӘНЕ ПАРНИКТІК ГАЗ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ

Парниктік газ шығарындыларының негізгі көлемі Қазақстандағы Топ кәсіпорындарына тиесілі (электр энергиясының шамамен 81%-ы көмірден өндіріледі). Сонымен қатар, Африкадағы біздің кәсіпорындардың көміртегі ізі салыстырмалы түрде аз, өйткені тұтынылатын электр энергиясының негізгі бөлігін су электр станциялары өндіреді.

Бразилиядағы парниктік газ шығарындыларының көлемі де осы елдегі біздің қызметіміздің шектеулі көлеміне байланысты шектеулі.

2024 жылы Қазақстандағы кәсіпорындарда парниктік газ шығарындыларын есептеудің автоматтандырылған жүйесі енгізілді.

Энергия тұтыну (ТДж)

Түрі	2024	2023
Тікелей	272 862	273 244
Жанама ³	5 337	4 352
Жалпы	278 199	277 596

Парниктік газ шығарындылары (млн тонна CO₂-бал.)

Түрі	2024	2023
1-қамтуға жататын шығарындылар ⁴	29,6	29,3
2-қамтуға жататын шығарындылар ⁵	0,1	0,1
Жалпы	29,7	29,4



1 Экологиялық стратегия құнының өсуі жабдық бағасының өсуіне және жобалар санының өсуіне байланысты.
2 2035 жылға қарай негізгі өнім түрлерінің көміртегі ізін 30% - ға азайту жөніндегі аралық мақсатты қоса алғанда.
3 Топ кәсіпорындарында өндірілген электр энергиясын ішкі сатып алуды есепке алмағанда.
4 Яғни, электр энергиясын өндіру, жылыту/бу өндіру үшін пайдаланылатын және ERG (тек CO₂, CH₄ және N₂O) бақылайтын өндіру, өндіру және көлік қызметінде, сондай-ақ Қазақстандағы технологиялық процестерде парниктік газ шығарындыларының өзге де тікелей көздерден энергияны тұтыну нәтижесінде парниктік газ шығарындылары көздерінде қолданылады. Есептеу коэффициенттері стационарлық және мобильді көздердің қызметі нәтижесінде парниктік газ шығарындыларын ұлттық есепке алу бойынша 2006 жылғы КӨЖҮТ нұсқауларынан алынған. Заңнамалық талаптар мен ұлттық әдістемелерге сәйкес Қазақстандағы квоталауға жататын кәсіпорындарда парниктік газ шығарындыларына түгендеу жүргізіледі. Нәтижелерді ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ете отырып, тәуелсіз аккредиттелген орган куәландырады.

5 Яғни, ERG-ге тиесілі емес және оның операциялық бақылауында емес үшінші тарап жеткізушілерінен сатып алынған жанама көздерден энергияны тұтыну нәтижесінде парниктік газ шығарындылары. Қазақстанда сатып алынған электр энергиясы мен сатып алынған жылу және бу энергиясы үшін есептеу коэффициенттері Қазақстан Республикасының 2022 жылғы отын-энергетикалық теңгерімі негізінде есептелген (Халықаралық энергетикалық агенттік форматында, шығарылған күні: 01.08.2023, Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросы). Бразилияда сатып алынған электр энергиясын есептеу коэффициенттері электр энергиясын жеткізушінің мәліметтеріне негізделген.

ҚАЛДЫҚ ҚОЙМАСЫ МЕН ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ

596 мың тонна

Дөң ТКБК-дағы ERG Green жобасы аясында 2024 жылы қайта өңделген шлам қалдықтарының жалпы көлемі 170 мың тоннаға жуық хром концентратын алуға мүмкіндік берді.

Нысанда құрамында бар хром оксидінің 60% - дан астамын алу арқылы шламды қалдықтарды байытуды арттыруға мүмкіндік беретін инновациялық технология қолданылады. 2024 жылдың шілдесінде флотациялық байытудың жаңа бөлімінің құрылысы басталды. Болашақта бұл жылына 500 мың тоннадан астам хром концентратын өндіру деңгейіне шығуға мүмкіндік береді.

Бұл жобаның қалдықтарды басқару, қоршаған ортаның ластануын болдырмау және суды пайдалану бөлігіндегі әсері оның жасыл несиелеу қағидаттарына¹ сәйкес келетінін білдіреді және осы негізде қаржыландыруды ала алады.

Сонымен қатар, Қазақстанда ERG Recycling компаниясы 730 мың тоннадан астам қайталама өнім өндірді және (немесе) сатты (2023 жыл: 1,5 млн тонна), 14,9 млн АҚШ доллары² көлемінде түсім алды.

7,7 млн тонн

2024 жылы ҚДР-дағы Metalkol кәсіпорны қайта өңдеген, содан кейін жаңа қалдықтар қоймасына көшірген жалпы көлем. Бұған Кингамьямбо құрғақ қалдық қоймасынан 3,9 миллион тонна қалдықтар (2023: 4,1 миллион тонна) және Мусонои өзенінен алынған 3,8 миллион тонна қалдықтар (2023: 3,8 миллион тонна) кірді. Нәтижесінде 101,2 мың тонна мыс және 19 мың тонна кобальт гидроксиді өндірілді (2023 жыл: 102,6 мың тонна мыс / 20 мың тонна кобальт гидроксиді).

Metalkol кәсіпорны жинақталған қалдықтардың осы аймақтағы судың, топырақтың және атмосфералық ауаның сапасына теріс әсерін азайтуды қамтамасыз етеді. Пайдаланылған учаскелерде де рекультивация жүргізіледі.

Жоспарлар

2025 жылы және одан әрі келесі негізгі бағыттар бойынша жұмыс жоспарлануда:

- Қазақстандағы кәсіпорындарда қатты бөлшектер шығарындыларын қармауға арналған сүзгілерді орнату және пайдалануға беру жөніндегі жұмысты жалғастыру;
- Климаттық мақсаттар мен іс-қимыл саладасындағы жоспарларын әзірлеу мақсатында Африкадағы басқа активтерге одан әрі таралыммен Metalkol кәсіпорнындағы көміртергі ізін есептеу;
- Қазақстанда қуаты 200 МВт екінші жел электр станциясын салу мүмкіндігін қоса алғанда, декарбонизация жөніндегі жобаларды іске асыруды жалғастыру. Африкада күн энергетикасына басымдық бере отырып, жаңартылатын энергия көздері жобаларын жүзеге асыру мүмкіндіктерін зерттеу жалғасуда;
- Флотациялық байыту секциясының құрылысын аяқтауды қоса алғанда, ERG Green өндірісін кеңейту (2025 жылдың екінші жартыжылдығына жоспарланған).



1 Осы қағидаттарға сәйкестікті АХҚО жасыл қаржы орталығы 2024 жылғы желтоқсанда растады, gfc.oifc.kz.
2 Топ ішілік сатуды қосқанда.

ӘЛЕУМЕТТІК САЛА

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР

Сәйкес келетін БҰҰ ОДМ



Біз өз қызметіміздің әлеуметтік әсерін жауапты басқаруға ұмтыламыз. Бұл еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, кәсіби дағдыларды, мотивацияны және персоналдың адалдығын дамытуды білдіреді, бұл өз кезегінде біздің бизнесіміздің ұзақ мерзімді орнықтылығына ықпал етеді. Сонымен қатар, біз жергілікті, аймақтық және ұлттық деңгейлердегі жағымды әсерімізді арттыруға тырысамыз.

Басқару тәсілі

Қызметкерлер

Денсаулық және өндіріс қауіпсіздігін қамтамасыз ету біз үшін сөзсіз басымдық болып табылады және біз жарақаттанушылықты мүлдем болдырмауға қол жеткізу бойынша жұмысты жалғастырамыз. Қазақстандағы ERG кәсіпорындары ISO 45001 халықаралық стандарты бойынша сертификатталған. Африка мен Бразилиядағы өндірістік активтер осы стандарттың талаптарын ескере отырып жасалған еңбекті қорғауды басқарудың кешенді жүйелерін енгізді¹.

Топтың персоналды басқару стратегиясы икемді, жоғары білікті және инновациялық бағытталған жұмыс күшін қалыптастыруға негіз береді. Біздің еңбек қатынастарына деген көзқарасымыз кәсіподақ ұйымдарымен сындарлы өзара іс қимылға негізделген.

Жергілікті қауымдастықтар

Біз өз қызметіміздің ықтимал қолайсыз әсерін барынша азайтуға тырысамыз және адам құқықтары саласындағы тәуекелдерді бағалауды және (немесе) жергілікті стейкхолдерлермен бірлесе отырып, адам құқықтарының сақталуын кешенді тексеруді жүргіземіз.

Қазақстанда әсерді басқару халықаралық экологиялық менеджмент жүйелері арқылы, сондай-ақ моноқалалардағы әсерді бағалау, қоғамдық тыңдаулар және әлеуметтік сауалнамалар арқылы жүзеге асырылады (24 бет). Африкада денсаулықты, өндіріс қауіпсіздігін және тұрақтылықты басқарудың интеграцияланған жүйесі (SHS) және шағымдарды беру және шешу механизмдері қолданылады. Бразилияда шағымдарды басқару үшін сыртқы жүйе қолданылады.

Біз сондай-ақ кәсіпорындарымыз орналасқан елдердегі міндетті талаптар мен серіктестік келісімдер шеңберінде әлеуметтік инвестициялар арқылы оң әсерімізді күшейтуге тырысамыз (25 бет).

¹ Metakol ISO 45001 сертификаттауы 2026 жылдың басына жоспарланған.

ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ӨНДІРІС ҚАУІПСІЗДІГІ

ЖАРАҚАТҚА МҮЛДЕМ ЖОЛ БЕРМЕУ бойынша жұмыс

2024 жылы осы саладағы көрсеткіштердің жол берілмейтін нашарлауын ескере отырып, өндіріс қауіпсіздігі деңгейін (ӨК) арттыру бойынша бірқатар шаралар іске асырылды. Қазақстанда бұған мыналар кірді:

- 17 мыңнан астам қызметкер үшін ЕҚЖӨҚ академиясында¹ еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігі жөніндегі заңнама талаптарынан тыс кеңейтілген оқыту;
- «ERG Vision» бастамасын іске асыру, оның шеңберінде қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылау үшін бейнені автоматты талдау функциясы бар 3 мыңға жуық бейнебақылау камерасы орнатылды. Алдағы уақытта тағы 20 мың осындай камераны орнату жоспарлануда;
- Өңір деңгейінде басшылардың тікелей қатысуымен жаңа цифрлық платформа арқылы жүзеге асырылатын жетілдірілген қауіпсіздіктің тәртіптік аудиттерін енгізу;
- Ферроқорытпа цехтарындағы көпірлі крандарының кабиналарын жаңғыртуды қоса алғанда, жүк көтергіш механизмдермен жұмыс қауіпсіздігін арттыруға бағытталған іс-шаралар;
- Бақылау талаптары мен шараларын қатаңдата отырып, қауіптілігі жоғары жұмыстарды ұйымдастыру және орындау рәсімін жетілдіру;
- Қауіпті энергия көздерін оқшаулау үшін Lockout/Tagout (LOTO) жүйесін енгізу;

- 4 мыңнан астам қызметкер² үшін ауысым алдындағы автоматтандырылған медициналық тексерулерді енгізу, сондай-ақ тәуекел деңгейі жоғары жұмыстарда жұмыс істейтін 7 мыңнан астам қызметкердің денсаулық жағдайына кешенді медициналық бағалау жүргізу³.

Еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігін басқару жүйесін одан әрі дамыту үшін 2025 жылғы ақпанда бейінді басшылардың қатысуымен қауіпсіздік форумы өткізілді, нәтижесінде осы салада Жол картасы әзірленді.

Африкада біздің жұмысымыз ең алдымен Visible Felt Leadership (VFL) бағдарламасын жүзеге асыруға, сондай-ақ мердігер ұйымдардағы тәуекелдерді басқару процестерінің тиімділігін арттыруға бағытталған.

33 мың респондент

Қазақстандағы қызметкерлердің әл-ауқатының деңгейін бағалау мақсатында жыл сайынғы зерттеуге қатысқан қызметкерлер саны (2023 жыл: 17,6 мың). Сауалнама бес негізгі саланы қамтыды: денсаулық, әлеуметтік, кәсіптік және қаржылық әл-ауқат және жайлы өмір сүру ортасы. Оның нәтижелері ERG Care қызметкерлерінің әл-ауқатын қамтамасыз ету жөніндегі кешенді бағдарламаны әзірлеу кезінде ескерілді. Бұдан басқа, «Психологиялық қауіпсіздік» ауқымды бағдарламасын іске асыру жалғасуда, оның шеңберінде 2024 жылы 800 желілік басшы оқытудан өтті.

ӨНДІРІС ҚАУІПСІЗДІГІ САЛАСЫНДАҒЫ КӨРСЕТКІШТЕР

Екінішке орай, 2024 жылы өндірістегі жазатайым оқиғалардың салдарынан компанияның он бір қызметкері және мердігер ұйымның бір қызметкері қайтыс болды (2023: компанияның үш қызметкері және мердігер ұйымдардың жеті қызметкері). Қазақстандағы кәсіпорындарда он бір, Африкада бір апат орын алды. Біз осы оқиғалардан зардап шеккендердің тума-туыстарына шын жүректен көңіл айтамыз.

Әрбір жазатайым оқиға бойынша оның себептерін анықтау, тиісті түзету шараларын әзірлеу және осындай оқиғалардың қайталану қаупін азайту мақсатында мұқият тергеу жүргізілді (шаралар туралы толығырақ қарсы жақта).

2024 жылы уақытша еңбекке жарамсыздығы бар өндірістік жарақаттар (LTI) 127-ге дейін өсті (2023 жыл: 86)⁴. Соның салдарынан еңбекке жарамдылық күндерін жоғалтқан жарақат көрсеткіші (LTIFR) 1,12 құрады (2023 жыл: 0,71)⁵.

Жылдар бойынша өндіріс қауіпсіздігінің негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіш		2024	2023
Өлімге әкелетін жазатайым оқиғалар	Қызметкерлер	11	3
	Мердігерлер	1	7
Еңбекке жарамдылық күндерін уақытша жоғалтқан жарақаттар	Қызметкерлер	116	83
	Мердігерлер	12	21
Еңбекке жарамдылық күндерін уақытша жоғалтумен жарақат алу жиілігі	Тек қызметкерлер	1,12	0,71

Өңірлер бойынша өндіріс қауіпсіздігінің негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіш		Қазақстан	Африка	Бразилия
Өлімге әкелетін жазатайым оқиғалар	Қызметкерлер	10	1	0
	Мердігерлер	1	0	0
Еңбекке жарамдылық күндерін уақытша жоғалтқан жарақаттар	Қызметкерлер	109	7	0
	Мердігерлер	11	0	1
Еңбекке жарамдылық күндерінің уақытша жоғалуымен жарақат алу жиілігі	Тек қызметкерлер	1,22	0,52	0,00

1 ERG Корпоративтік университетінің құрамына кіреді.

2 Дөң ТКБК және Ақтөбе ферроқорытпа зауытында.

3 Өндірістегі жазатайым оқиғаларды тудыруы мүмкін денсаулық проблемаларын анықтау мақсатында.

4 Тек қызметкерлер. Өлімге әкелетін жағдайларды қамтиды.

5 Тек қызметкерлер. Өлімге әкелетін жағдайларды қамтиды.

ПЕРСОНАЛДЫ ТАРТУ, ДАМУЫ ЖӘНЕ САҚТАУ

66 713 қызметкер¹

Топ қызметкерлердің жалпы саны. Біздің қызметкерлер біздің табысымыздың кепілі болып табылады, сондықтан біз олардың дамуы мен әл-ауқатына инвестиция саламыз. Қазақстанда өзгерістердің негізгі бағыттаушылары және өндірістік командалардың көшбасшылары ретінде цех бастықтарына басымдықпен назар аудара отырып, персоналды трансформациялау бойынша жұмыс жалғастырылды. Бұл бағыттағы жұмыс құзыреттерді кеңейтілген бағалауды, оларды жедел дамыту мақсатында жоғары әлеуеті бар қызметкерлерді анықтауды, сондай-ақ корпоративтік мәдениетті өзгертуді қамтиды. Сондай-ақ Африкада қызметкерлеріміздің таланттары мен кәсіби дағдыларын дамыту саласындағы бастамаларды күшейту бойынша жұмыс жалғастырылды.

35% шамасында

35 жасқа толмаған Топ қызметкерлерінің үлесі. Біздің саламыздың демографиялық ерекшеліктерін ескере отырып, жас мамандарды тарту және сақтау Топ үшін стратегиялық басымдық болып табылады. Біз жас қызметкерлердің кәсіби, әлеуметтік және қаржылық әл-ауқатын қолдауға, олардың денсаулығы мен физикалық жағдайын нығайтуға, сондай-ақ еңбек жағдайлары мен жұмыстан тыс өмірді жақсартуға бағытталған кешенді бағдарламаны іске асырамыз. Қазақстанда жас мамандардың кадрлық резервін қалыптастыруды біз жүзеге асырып отырған «Білім беру экожүйесі» тәсілі тікелей қолдайды.

Өңірлер бойынша персонал саны

Өңір	2024	2023
Қазақстан	61 433	62 033
Африка	4 955	5 143
Бразилия	180	257
Корпоративтік кеңселер ²	145	179
Барлығы	66 713	67 612

1 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ERG-мен жазбаша еңбек шарты бар қызметкерлер саны. Бұл көрсеткішке мердігерлерді қамтымайды.
2 Бұл көрсеткішке Еуропа, БАӘ және Қытайдағы кеңсе қызметкерлері кіреді. Қазақстандағы, Африкадағы және Бразилиядағы ERG корпоративтік кеңселері персоналының саны тиісті аймақ үшін көрсеткіш құрамында ескерілген.
3 Бағдарлама жетекші бөгде оқу ұйымдарымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының білім Министрлігімен серіктестікте іске асырылады.

ҚАЗАҚСТАНДА «БІЛІМ БЕРУ ЭКОЖҮЙЕСІН» ҚҰРУ

Біздің «Білім беру экожүйеміз» – бұл компания ішінде де, одан тыс жерлерде де дағдыларды дамытудың кешенді тәсілі. Бұл тәсіл ұзақ мерзімді кадрлық резервті, атап айтқанда жас мамандарды тарту және дамыту есебінен нығайтады және Қазақстан үшін оң болашақты қалыптастыруға ықпал етеді. Негізгі бастамаларға келесілер кіреді:

- «ERG Мектепке» бағдарламасы қолданыстағы мектептерді жаңғыртуды және біздің қызмет ететін аймақтарда жаңа мектептер салуды, сондай-ақ жасанды интеллект және жаңа технологиялар сияқты салаларда озық дағдыларды дамытуды қолдауды қамтиды³;
- «ERG колледждерге» бағдарламасы 23 өңірлік колледждер мен үш университетте болашаққа бағдарланған кәсіптік білім беру бағдарламаларын әзірлеуді көздейді. Бағдарламалар «Жаңа кәсіптер атласында» көрсетілген кәсіптер тізбесін ескере отырып іске асырылады⁴;

- Болашаққа бағдарланған кәсіптік білім беру жүйесін дамытуға жәрдемдесу мақсатында Үкімет, білім беру мекемелері және бизнес арасындағы ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталған «Колледждер мен ERG альянсы» бағдарламасы. Осы бағдарлама аясында ERG кәсіпорындарында 1,6 мыңнан астам оқушы өндірістік тәжірибеден өтті, 800-ден астам түлек жұмысқа орналастырылды;
- ERG корпоративтік университеті ERG персоналын трансформациялау бойынша жұмысқа жәрдемдеседі. 2024 жылы 44 мың қызметкер оқудан өтті (2023 жыл: 54 мың), сондай-ақ бес мамандандырылған академия базасында 700-ден астам жаңа оқыту бағдарламалары әзірленді⁵.

Осы бастамалар шеңберінде, сондай-ақ жаңа кәсіптерді үздіксіз дамыту және жұмыс орындарын цифрлық трансформациялау контекстінде, ERG тобы Қазақстан Республикасының Үкіметі 2025 жылға жариялаған «Жұмысшы мамандықтар жылын» мақтанышпен қолдайды⁶.

4 Атлас – болашақтың ең сұранысқа ие және маңызды кәсіптерін болжайтын стратегиялық жоспарлау құралы. ERG оның дамуын қолдайды және колледждердегі стратегиялық бағдарламаларды одан әрі жетілдіру үшін нұсқаулық ретінде, сондай-ақ «Инновациялық хабтарды» құру үшін негіз ретінде пайдаланады («Жоспарлар» бөлімін қараңыз).
5 Келесі бағыттар бойынша: «Еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігі», «Технологиялар және өндіріс», «Техникалық қызмет көрсету және жөндеу», «Көшбасшылық», «Жобалық басқару және цифрландыру».
6 Бұл перспективалық бастаманы 2024 жылғы қыркүйекте Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жариялады. Ол жұмысшы кәсіптерінің беделін арттыруға, жұмыс күшінің тапшылығын жоюға және елдегі техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғыртуға бағытталған.

ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ

>\$39 млн

2024 жылы Қазақстанда еңбек жағдайларын жақсартуға және қызметкерлердің өмір сүру деңгейін арттыруға инвестициялардың жалпы көлемі. Біздің еңбек қатынастарына кешенді көзқарасымыз қызметкерлеріміз бен біздің кәсіпорындарымыз орналасқан аймақтардағы жергілікті қауымдастықтардың тығыз серіктестігіне байланысты. Қызметкерлерге бәсекеге қабілетті әлеуметтік жеңілдіктер, соның ішінде мамандандырылған медициналық орталық базасында тегін медициналық көмек және заң талаптарынан тыс кеңейтілген медициналық сақтандыру беріледі. Бұған қоса, біздің кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлерде «MERGEN» дүкендері ашылды, онда қызметкерлер отандық өндірістің қажетті тауарларын нарықтық бағадан төмен бағамен сатып ала алады.

>86%

Кәсіподақ мүшелері болып табылатын Топ қызметкерлерінің үлесі. Біздің кәсіпорындардың көпшілігінде ұжымдық шарттар жасалды. Біздің еңбек қатынастарына деген көзқарасымыздың негізінде кәсіподақтармен ашық және сындарлы өзара іс-қимыл жатыр. Біз қызметкерлердің кәсіподақтарға кіру және ұжымдық шарттар жасасуға еркін қатысу құқығын құрметтейміз.

ҚАЗАҚСТАНДА ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЛАРЫН ЖАҚСARTУҒА ЖӘНЕ ӨМІР СҮРУ ДЕҢГЕЙІН ARTTYPUҒA ИНВЕСТИЦИЯЛАР (2024)

ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫНДА

\$3,6 млн

Санитарлық-тұрмыстық үй-жайларды жөндеу және жақсарту

\$1,4 млн

Кәсіпорындарда тамақтану сапасын арттыру

\$5,6 млн

Қызметкерлерге көліктік қызмет көрсету сапасын арттыру

ЖҰМЫСТАН ТЫС

\$26 млн

Облыс әкімдіктерімен өзара ынтымақтастық туралы меморандумдар аясында өңір инфрақұрылымын жақсарту

\$2,5 млн

Қызметкерлерге жеңілдетілген қаржылық шарттармен берілетін тұрғын үй құрылысы

280

ERG қызметкері жеңілдетілген шарттармен тұрғын үй сатып алды

Жоспарлар

2025 жылы және одан әрі мыналар жоспарлануда:

- Қазақстанда қауіпсіздік рәсімдеріне, қауіпсіздік мәдениеті мен озық технологияларға назар аудара отырып, «Қауіпсіздік жылы» бастамасын іске қосу;
- Африкадағы ERG кәсіпорындарында ӨҚ саласындағы ТНК жетілдіру, сондай-ақ ISO 45001 стандартына сәйкес сертификат алу жөніндегі жұмыс шеңберінде Metalkol кәсіпорнында ӨҚ деңгейін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру; болашақта бұл жұмыстың нәтижелері аймақтағы Топтың басқа кәсіпорындарында енгізілетін болады;

- Қазақстандағы кәсіпорындардағы жұмыс орындарын цифрлық трансформациялау бойынша жұмысты жалғастыру, сондай-ақ жаңа кәсіптерді дамыту және техникалық университеттермен серіктестікте «инновациялар орталықтарын» құру;
- Хромтау мен Лисаков қалаларында қызметкерлер үшін қолжетімді тұрғын үйлер салу, сондай-ақ Қазақстандағы кәсіпорындарда тамақтану сапасын арттыруды жалғастыру.



ЖЕРГІЛІКТІ ҚАУЫМДАСТЫҚТАРҒА ӘСЕР

7,5 мың тұрғын

Қазақстанда 2024 жылы жүргізілген жыл сайынғы ауқымды сауалнамаға қатысқан жергілікті тұрғындардың (ERG қызметкерлерін қоса алғанда) шамамен саны (2023 жыл: 6,5 мыңға жуық)¹. Жыл сайынғы сауалнамалар жергілікті тұрғындардың алдында тұрған негізгі проблемаларды анықтау, сондай-ақ олардың шешілуіне мониторинг жүргізу мақсатында әкімдіктердің (өңірлік атқарушы билік органдарының) қолдауымен жүргізіледі. Сауалнама нәтижелері әкімдіктермен ынтымақтастықта іске асырылатын әлеуметтік бағдарламаларды дамыту және жетілдіру жөніндегі одан әрі жұмыс барысында ескерілетін болады.

ШАҒЫМДАРДЫ БЕЛСЕНДІ БАСҚАРУ

Біз барлық кәсіпорындарымызда шағымдарды қараудың тиісті тетіктері мен рәсімдерінің болуын қамтамасыз етеміз. Қазақстанда бұл әсерді кешенді бағалауды, сондай-ақ ірі жобаларды іске асыру кезінде немесе елеулі операциялық өзгерістер болған жағдайда қоғамдық тыңдаулар өткізуді қамтиды. 2024 жылы Қазақстанда 20 қоғамдық тыңдау өткізілді (2023 жыл: 23). Тыңдау барысында, сондай-ақ басқа да қолжетімді байланыс арналары арқылы, соның ішінде жыл сайынғы ауқымды сауалнамалар арқылы айтарлықтай шағымдар болған жоқ. Африкада қолданыстағы арналар арқылы 32 шағым түсті (2023: 29), оның 23-і шешілді. Бұл шағымдар негізінен қызметкерлердің мінез-құлқына, дақылдарға әсеріне және мүлікке зиян келтіргені үшін өтемақы талаптарына қатысты болды. Бразилияда шағымдарды реттеу және жергілікті тұрғындармен өзара әрекеттесу жүйесі арқылы 162 шағым түсті (2023: 103), олардың барлығы бір жыл ішінде шешілді. Негізгі шағымдар мердігер ұйымдардағы еңбек жағдайларына қатысты болды.

ӘЛЕУМЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР

\$95 млн

Қазақстандағы әлеуметтік инвестициялардың көлемі 2024 жылы (2023 жыл: 42,5 млн АҚШ доллары). Бұл өсім, ең алдымен, 2024 жылдың көктемінде су тасқынының салдарын жоюға 58 млн АҚШ доллары көлемінде қаржылық қолдау көрсетуге байланысты. Қаржыландырудың едәуір бөлігі біздің қызметіміздің моноқалалары мен өңірлеріндегі әлеуметтік-экономикалық дамуды қолдайтын өңірлік дамудың ұзақ мерзімді бағдарламасы арқылы бағытталады. Бастамаларды іске асыру өзара ынтымақтастық туралы өңірлік меморандумдарды² қоса алғанда, ұлттық және өңірлік билік органдарымен әріптестікте жүзеге асырылады. Біздің жұмысымыз жергілікті қауымдастықтармен құрылымдалған өзара іс-қимылға негізделген және басым міндеттерге бағытталған: өмір сүру сапасын арттыру, білім беруді, жастардың кәсіби дағдыларын, денсаулық сақтауды дамыту, спорт пен саламатты өмір салтын дамыту және насихаттау.

\$10,4 млн

Африкадағы әлеуметтік инвестициялардың көлемі 2024 жылы (2023 жыл: 8 млн АҚШ доллары), оның едәуір бөлігі міндеттемелер тізілімдері (Cahier des Charges) және ERG кәсіпорындарының КДР-дағы жылдық айналымының 0,3% мөлшерінде міндетті аударымдар шеңберінде жүзеге асырылады. Әлеуметтік инвестициялар 58 қоғамдастықта дамудың басым міндеттерін шешуге ықпал етеді және олардың одан да көп санына жанама әсер етеді. Ұзақ мерзімді перспективада біздің мақсатымыз – операциялық қызметіміз аяқталғаннан кейін де сақталатын жергілікті қауымдастықтардың орнықты дамуын қамтамасыз ету. Ауыл шаруашылығы, Баламалы табыс көздері, таза суға қолжетімділік, білім беру, денсаулық сақтау және инфрақұрылым басты назарда.

Бразилияда біздің әлеуметтік инвестицияларымыздың көлемі 1,8 миллион АҚШ долларын құрады (2023 жыл: 1,5 миллион АҚШ доллары), оның көп бөлігі міндетті табиғатты қорғау шаралары шеңберіндегі жобаларға бағытталған.

¹ Сауалнама Лисаков, Рудный, Ақсу, Хромтау моноқалаларында, сондай-ақ Қашар және Октябрь кенттерінде жүргізілді.

² Өзара ынтымақтастық туралы меморандумдар ERG мен өңірлік атқарушы билік органдары арасындағы стратегиялық әріптестікті білдіреді (кейбір әлеуметтік жобалар жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша міндеттемелерді орындаудың бір бөлігі болып табылады).

ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚҚА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (2024)

ҚАЗАҚСТАН

\$58 млн

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілері мен жолдарды жөндеуге және қалпына келтіруге, сондай-ақ су тасқыны салдарынан материалдық залалды өтеуге бөлінген

\$2,1 млн

Хромтау қаласында 400 орынға арналған мәдени орталық салуға бөлінген. 2023 жылдан бастап жобаның жалпы құны шамамен 4 млн АҚШ долларды құрады

1 200 ЖАҢА ОҚУШЫ ОРЫНДАРЫ

Рудный қаласында 2025 жылдың қыркүйегінде ашылған 1,2 мың оқушыға арналған мектеп құрылысы

АФРИКА

\$2,3 млн

Boss Mining ауданындағы 13 мектепті қолдауға қаржыландыру бөлінді, онда 4,4 мыңнан астам оқушы оқиды және 128 мұғалім жұмыс істейді (2023 жыл: 2,2 млн АҚШ доллары)

БАЛАМАЛЫ ТАБЫС КӨЗДЕРІ

Frontier-ге жақын орналасқан елді мекендердің тұрғындары үшін механикаландырылған ауыл шаруашылығы жабдықтарын сатып алу және оқытуды ұйымдастыру, сондай-ақ COMIDE маңындағы тоғыз елді мекеннің тұрғындарына ауыл шаруашылығы қаражатын жеткізу

31 ҰҢҒЫМА

Frontier кәсіпорнының жанында орналасқан елді мекендерде күн батареяларынан қуат алатын 31 су алу ұңғымаларын салу



Жоспарлар

2025 жылы және одан әрі келесі негізгі бағыттар бойынша жұмыс жоспарлануда:

- Қазақстанда өңірлік дамудың ұзақ мерзімді бағдарламасын іске асыруды жалғастыру;
- Міндеттемелер тізімдері шеңберінде әртүрлі ағымдағы және жаңа әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру және ERG кәсіпорындарының ҚДР-дағы айналымының 0,3% мөлшерінде міндетті аударымдарды төлеу.

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР

Сәйкес келетін БҰҰ ОДМ



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Біздің бизнестің ұзақ мерзімді орнықтылығы біздің клиенттеріміздің, серіктестеріміздің, біздің кәсіпорындарымыз орналасқан елдер мен жалпы жалпы қоғамның сеніміне байланысты. Біз бұл сенімді басқару жүйесінің барлық аспектілерінде адалдық, ашықтық және жауапкершіліктің жоғары стандарттарын сақтай отырып қолдаймыз.

Басқару тәсілі

Біздің комплаенс саласындағы саясатымыз ақшалай қаражатты жылыстатуға, парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, санкцияларды сақтау, адам құқықтарын құрметтеу және дербес деректерді қорғау сияқты аспектілерді қамтитын Топтың тәуекелге бағдарланған комплаенс-менеджмент жүйесі арқылы іске асырылады.

Комплаенс функциясы комплаенс саласындағы ERG саясаттары мен рәсімдерінің ішкі қолданылуын бақылауды, жыл сайынғы Комплаенс бағдарламаның орындалуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ заңнаманың талаптарынан асатын күшейтілген кепілдіктер береді.

Корпоративтік басқару саласындағы жұмыстың негізгі бағыттары мыналарды қамтиды:

- Талаптардың толық сақталуын қамтамасыз ету және операциялық қызмет үшін тәуекелдерді азайту үшін халықаралық санкциялар саласындағы өзгермелі жағдайларға ден қою;
- Біздің өніміміздің бизнесті жауапты жүргізу қағидаттарын сақтай отырып өндірілгеніне, қайта өңделгеніне және өткізілгеніне кепілдік беру;
- Кәсіпорындарымыз орналасқан елдердің мемлекеттік органдарымен ашық және сындарлы диалогты қолдау, сондай-ақ ұлттық дамудың басым мақсаттарына қол жеткізуге жәрдемдесу.

Біз сондай-ақ икемділікті қамтамасыз ету, сенімділікті арттыру және негізгі серіктестіктерді нығайту мақсатында жаңа стратегиямыздың басымдықтарына сәйкес корпоративтік басқару үлгісін өзгертуді жалғастырамыз.

Салық төлемдері¹

2024 жылы Топ төлеген салықтар мен өзге де міндетті төлемдер сомасы 983 млн АҚШ долларын (2023 жыл: 1 257 млн АҚШ доллары) құрады, соның ішінде, басқалармен қатар, Қазақстанда 659 млн АҚШ доллары, Африкада 272 млн АҚШ доллары және Бразилияда 8 млн АҚШ доллары².

¹ Топтың салық саясатына сәйкес біз жергілікті салық заңнамасын сақтаймыз және трансферттік баға белгілеу бойынша ЭЫДҰ нұсқауларын ұстанамыз. Біз Қазақстанда, ҚДР және Замбияда ЕПІ есептерін береміз, сондай-ақ ЕО және ЭЫДҰ талаптары шеңберінде Люксембург салық органдарына тиісті есептілікті ұсынамыз.

² Төмендеу негізінен сату көлемінің төмендеуіне, ферроқорытпа бағасының төмендеуіне, сондай-ақ кобальт пен мыс бағасының төмендеуіне байланысты табыс салығы бойынша төлемдердің төмендеуіне байланысты. Бұдан басқа, 2023 жылғы көрсеткіш 2023 жылы Қазақстанда 2022 салық кезеңінде жүргізілген салық төлемдері есебінен көтерілді.

ЭТИКА ЖӘНЕ КОМПЛАЕНС, АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ

АДАПТИВТІК КОМПЛАЕНС-МӘДЕНИЕТ

Біздің адаптивті сәйкестік мәдениетінің үлгісі заңды және этикалық міндеттемелерді орындай отырып, компания ішіндегі және сыртқы ортадағы өзгерістерге тиімді жауап беруге мүмкіндік береді. Нормативтік талаптардың жүйелі мониторингі және тәуекелдерді басқарудың озық тәжірибелерін қолдану басқару процестерін уақытылы бейімдеуге және тәуекелге бағдарланған оқыту бағдарламаларын дамытуға мүмкіндік берді. 2024 жылы Ресейге қатысты жаңа санкциялардың енгізілуіне байланысты санкция режимін сақтауға ерекше назар аударылды.

>3,5 МЫҢ

ERG корпоративтік тәртіп кодексі бойынша оқудан өткен қызметкерлер саны. Кодекс парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, ақша қаражатын жылыстату және терроризмді қаржыландыру, өнеркәсіп қауіпсіздігі, еңбек және қоршаған ортаны бәсекелестік туралы заңдарды сақтау, контрагенттермен өзара іс-қимылдың ашықтығы, дербес деректер мен құпия ақпаратты қорғау, сондай-ақ адалдық, жұмысқа орналасудың әділ тәжірибесі және адам құқықтарын құрметтеу мәселелері сияқты тақырыптарды, мәжбүрлі және балалар еңбегін пайдалануға тыйым салуды, кемсітушілік пен харассменттің кез келген түріне жол бермеуді қоса алғанда қамтиды. Комплаенс саласындағы басқа оқыту туралы қосымша ақпарат төмендегі кестеде келтірілген.

Комплаенс саласындағы қызметкерлерді оқыту (оқытудан өткен қызметкерлер саны)¹

	Жоғары басшылық ²	Менеджерлер	Қызметкерлер	Барлығы 2024 жылы	Барлығы 2023 жылы
Корпоративтік тәртіп кодексі ³	62	201	3 334	3 597	12 623
Контрагенттерді кешенді тексеру (ККТ) ⁴	43	264	850	1 157	8 161
Дербес деректерді қорғау	76	2 919	5 618	8 613	14 869
Мүдделер қақтығысы	44	3 080	5 716	8 840	11 544
Парақорлық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	34	109	568	711	6 532
Адам құқығы	74	1 653	4 758	6 485	16 526

1 Өткен жылмен салыстырғанда төмендеу 2023 жылы қызметкерлердің кеңірек қамтылуына байланысты. Оқыту және хабардарлықты арттыру бағдарламасы аясында комплаенс-тренингтер кезең-кезеңімен өткізіледі және қызметкерлердің бірдей санаттары үшін жыл сайын қайталауды қажет етпейді.

2 Жоғары буын басшылары, бас инженер, бас бухгалтер және т. б.

3 Африкадағы қызметкерлерге берілетін жыл сайынғы нысандағы жұмыс туралы кіріспе нұсқаулықты қоспағанда.

4 Қазақстанда ККТ тақырыбы бойынша оқыту санкциялар тақырыбын қамтиды.

ЖАУАПТЫ ӨНДІРІСТІК-ӨТКІЗУ ТІЗБЕКТЕРІ

КОБАЛЬТ ПЕН МЫС ӨНДІРІСІНІҢ АУДИТИ

2024 жылдың шілдесінде Metalkol кәсіпорнының «Таза кобальт және мыс» бағдарламасының қағидаттарына сәйкестігі туралы төртінші есеп жарияланды. Бағдарлама ЭЫДҰ-ның⁵ тиісті сараптамасының басшылық қағидаттарына сәйкес келуін қамтамасыз етеді және жергілікті халықтың өмір сүру жағдайларын жақсартуға және қоршаған ортаны сақтауға ықпал етеді. Толығырақ «Таза кобальт және мыс» бағдарламасын; 2024 жылғы бағдарламасының қағидаттарына сәйкестік туралы есеп және РwC сертификаттау қорытындысын қараңыз.

Сонымен қатар, Metalkol кәсіпорнында минералды ресурстардың жауапты шығуын қамтамасыз ету (RMAP) процесінің шеңберінде үшінші аудит сәтті жүргізілді, жауапты пайдалы қазбаларды жеткізушілерді таңдау бастамасы (RMI) және Copper Mark сертификатын алу бойынша жұмыс басталды (міндеттеме хат).

АЛЮМИНИЙДІҢ ЖАУАПТЫ ӨНДІРІСІ

Біздің алюминий жеткізу тізбегіміздегі барлық шикізат өзінің өндірістік нысандарынан шыққанына қарамастан, бүкіл өндірістік-өткізу тізбегі тарапынан біздің өнімге деген сенімнің жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін «Алюминийдің жауапты өндірісі» бағдарламасы іске асырылуда («Алюминийдің жауапты өндірісі» бағдарламасын қараңыз). Бұл халықаралық стандарттарға⁶ сәйкес адам құқықтары, іскерлік этика, еңбекті қорғау, өнеркәсіп қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жауапты басқармаға деген адалдығымызды растайды. Сондай-ақ, бұл Лондон металдар биржасының (LME) жеткізушілерді таңдаудағы жауапты тәсілінің талаптарын сақтауымызды көрсетеді⁷.

Бұл LME Passport бастамасына қатысуымызбен толықтырылады, ол әрбір өндірілген металл партиясының сапасы мен сәйкестік деректерін LME бұлтты жүйесіне автоматты түрде жіберуге мүмкіндік береді.

5 Жанжал аймақтарынан және ЭЫДҰ қаупі жоғары аудандардан пайдалы қазбаларды жеткізу тізбегін жауапты басқару үшін тиісті тексерудің нұсқаулықтары.

6 ЭЫДҰ-ның тиісті тексерілуінің басшылық қағидаттарын қоса алғанда.

7 Бұл алюминий өнімдеріне берілген «LME танылған бренд» мәртебесін сақтаудың шарты.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖӘНЕ ЗАҢНАМА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ АЙҚЫНДАҒАН ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МІНДЕТТЕРІН ШЕШУГЕ ЖӘРДЕМДЕСУ

Қазақстан Республикасының Үкіметі ERG акцияларының 40% иелік етеді. Біз қызметіміздің ақсаттарына сәйкес келетін жағдайларда Үкіметке мемлекеттік стратегияны жүзеге асыруға жәрдем көрсетеміз. Бұл әділ және жан-жақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету, жаңғырту, халықтың өмір сүру деңгейін арттыру және әлеуметтік үйлесімділікті қамтамасыз ету сияқты міндеттерді шешуді көздейді.

Атап айтқанда, біз келесілерді қолдауды жалғастырамыз:

- Студенттерді болашақ еңбек нарығының талаптарына дайындауға баса назар аудара отырып, білім беру сапасын арттыру;
- Біздің моноқалаларымызда және кәсіпорындарымыз орналасқан өңірлердегі өмір сүру жағдайларын жақсарту;
- Экономикалық әртараптандыру, сондай-ақ инновацияларды, цифрландыруды және кәсіпкерлікті дамыту;
- Тау-кен өнеркәсібіндегі технологиялық және экологиялық стандарттарды арттыру, сондай-ақ қызметкерлердің еңбегі мен денсаулығын қорғау.

Біз сонымен қатар 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізуді қоса алғанда, Үкіметтің экология мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеміз.

2024 жылы мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылдың негізгі бағыттары соған қоса мынадай мәселелерді қамтыды:

- Біздің қызметіміздің тікелей, тікелей емес және жанама экономикалық әсері нәтижесінде елішілік құндылықты құру;
- Өндіріс қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік реттеуді дамыту.

Жоспарлар

2025 жылы және одан әрі келесі негізгі бағыттар бойынша жұмыс жоспарлануда:

- Комплаенс саласындағы біздің көзқарасымызды дамыту (ТНҚ, АТ-ресурстарға және кепілдік беру саласындағы талдауға ерекше назар аудара отырып);
- Copper Mark сертификатын алу мақсатында Metalkol кәсіпорнының сыртқы аудиті;
- Қазақстандағы және КДР-дағы мемлекеттік органдармен қоғам үшін құндылық құру мәселелері бойынша, сондай-ақ Бразилиядағы мемлекеттік органдармен BAMIN перспективалары туралы өзара іс-қимылды жалғастыру.

КДР ҮКІМЕТІМЕН СЫНДАРЛЫ ЖӘНЕ АШЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ

ДПК Үкіметі Gécamines мемлекеттік өндіруші компаниясы және мемлекеттік мүлкіті басқару министрлігі арқылы ERG¹ кәсіпорындарына тікелей қатысу үлесіне ие. Біз әріптестік қатынастарды нығайту, өзара тиімді нәтижелерге қол жеткізу және жергілікті және ұлттық деңгейлерде ұзақ мерзімді дамуға жәрдемдесу мақсатында мемлекетпен сындарлы өзара іс-қимылға үнемі ұмтыламыз.

2024 жылы өзара әрекеттесудің негізгі бағыттары келесі мәселелерді қамтыды:

- ERG-ге тиесілі кейбір лицензиялау учаскелерін одан әрі дамытудың ықтимал жоспарлары;

- Жергілікті экономикаға, оның ішінде жергілікті сатып алудың жаңа бағдарламасы шеңберінде біздің үлесімізді ұлғайту²;
- Тау-кен өндіру кәсіпорындары үшін, оның ішінде салалық әріптестер тарапынан бірлескен инвестициялар есебінен энергетикалық қауіпсіздікті нығайту. Сонымен қатар, біз Ұлттық энергетикалық компаниямен маңызды инфрақұрылымды жаңғыртудағы ынтымақтастық туралы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойдық. Бірінші жоба 2025 жылдың қыркүйегінде пайдалануға беріледі деп жоспарлануда;
- Пайдалы қазбаларды заңсыз өндіру мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен диалог жүргізу;

- Gécamines еншілес кәсіпорны Entreprise Générale du Cobalt (EGC) серіктестігімен қол өндірісін рәсімдеу.

Сондай-ақ су тасқыны нәтижесінде Boss Mining кәсіпорнының жұмысын тоқтата тұру туралы нұсқаманың күшін жоюға (нұсқама 2024 жылдың мамырында жойылды), жергілікті жеткізушілерден сатып алуға қатысты даулы талаптарға, сондай-ақ 2025 жылдың басында қабылданған Үкіметтің КДР-дан барлық кобальт экспорттық жеткізілімдерін уақытша тоқтата тұру туралы шешіміне қатысты мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасалды.

1 Соның ішінде Metalkol және Frontier кәсіпорындары, сондай-ақ Boss Mining және Swanmines.

2 Бағдарламаны іске асыру 2024 жылы басталды.

Болжалды мәлімдемелер

Орнықты даму бойынша осы шолу болжамды сипаттағы белгілі бір мәлімдемелерді қамтиды. Мұндай мәлімдемелер тарихи фактілерге негізделмеген және табиғаты бойынша перспективалы болып табылады. Мәлімдемелердің болжамды сипаты, атап айтқанда, «ниет ету», «нысанаға алу», «болжау», «күту», «бағалау», «жоспарлау», «сену», «мүмкін», «керек», «болады», «әлеуетт», «мүмкін», «зерттеу», «зерделеу» және басқа да осындай сөздер.

Болжамды мәлімдемелер белгілі және белгісіз тәуекелдермен, белгісіздікпен және басқа факторлармен байланысты, олардың негізінде нақты көрсеткіштер, оқиғалар мен нәтижелер осындай болжамды мәлімдемелерде тікелей айтылған немесе болжанған күтулерден айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін. Мұндай факторларға, атап айтқанда, операциялық қызметтің нақты нәтижелері, нарықтық жағдайлар, валюта бағамдарының ауытқуы, операциялық қызметтегі үзілістер, макроэкономикалық динамика, саяси белгісіздік, мемлекеттік реттеу және басқа да тиісті факторлар кіруі мүмкін. Сондықтан мұндай болжамды мәлімдемелерге сенбеу керек.

Осы шолуда қамтылған болжамды мәлімдемелер оның жарияланған күніне ғана жарамды. ERG осы күннен кейін осы шолуда қамтылған кез келген болжамды мәлімдемелерді жаңарту немесе қайта қарау бойынша міндеттеме алмайды.



EURASIAN RESOURCES GROUP S.À R.L.

9, rue Sainte Zithe
L-2763 Люксембург

eurasianresources.lu

☎ +352 24 84 53 1

☎ +352 26 84 58 99

✉ info@erg.net